



АЖЫРАСУДЫҢ АСТАРЫ

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҚАНДАЙ ҚАҒИДАТ ҰСТАНДЫ?

6-БЕТ | А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150



САНКЦИЯ САЛҚЫНЫ

7-БЕТ | ШАРТАРАП

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ахмет Байтұрсынов 1926 жылы осы – Баку қаласында өткен бірінші Бүкілодақтық түркологтар съезіне делегат ретінде қатысқан. Бұл факт біздің еліміз бен халықтарымыз арасында қашан да тығыз байланыс болғанын тағы бір рет дәлелдейді деп ойлаймын. Кезінде елордамыздың бір көшесіне көрнекті мемлекет қайраткері, Әзербайжан халқының біртуар перзенті Гейдар Әлиевтің есімі берілген.

(Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Әзербайжан Республикасының Президенті И.Әлиевпен өткен келіссөздер қорытындысы бойынша БАҚ үшін мәлімдемесінен)

№100
(4378)
Бейсенбі
25 тамыз
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МЕРЕКЕДЕ ҚАНША КҮН ДЕМАЛАМЫЗ?

Үкіметтің қаулысына сәйкес Конституция күніне орай демалыс және жұмыс күндеріне өзгеріс енгізілді.

Биыл бұл атаулы мереке сейсенбіге дөп келеді. Сондықтан 29 тамыздағы жұмыс күні 27 тамызға ауыстырылды. Осылайша, бес күн жұмыс істейтіндер үшін 27 тамыз – жұмыс күні. Ал 28, 29 және 30 тамыз демалады. Алты күндік жұмыс аптасы бойынша қызмет ететіндер үшін 27 тамыз – жұмыс күні, 28 тамыз – демалыс күні, 29 тамыз – жұмыс күні, 30 тамыз – демалыс күні.

ІЗДЕСЕҢІЗ, ЖҰМЫС БАР

Бүгін, 25 тамызда, елордада сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін жалпықалалық бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтеді.

Ұсынылатын бос жұмыс орындарына азаматтарды қызметке орналастыру мақсатында жәрмеңкеге 50-ден астам жұмыс беруші қатысады. Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар сарайы аумағында өтеді. Мекенжайы – Республика даңғылы, 34. Ұйымдастырушылар жұмыс іздеп жүрген азаматтарды жәрмеңкеге қатысуға шақырады.

БҰҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТА БАҚ СЫНАҢЫЗ!

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі 30 тамыз күні Конституция күні мерекесіне орай өтетін «Бұқаралық велошеруге» шақырады.

Мерекелік жарысқа қатысушылар 20 шақырым қашықтықты Қосшы айналма веложолынан бастап, «Үркер» елді мекенінің «Жасыл белдеу» саябағында мәреге жетеді. Велошеруге әрбір қатысушы өз велосипедімен жіберіледі.

Қатысушыларды тіркеу сағат 09:00-ден 09:30-ға дейін жүргізіледі. Ал жарыс сағат 10:00-де басталады.


Велошеру аяқталғаннан кейін қатысушылар арасында лотерея және бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Сонымен қатар, қала тұрғындары гир тасын көтеру, қол күресі, арқан тарту, асық ату сынды ұлттық спорт түрлерінен сайысқа қатысып, бақтарын сынай алады.

ЕЛОРДАНЫҢ ТІРЕГІ – ОРТА КӘСІП ИЕСІ

Елордасы – Нұр-Сұлтан қаласында шағын және орта бизнесті дамытуға жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді. Бүгінгі таңда елорданың шағын және орта кәсіпкерлік саласы қаладағы өңірлік жалпы өнімнің 66,9 пайызын қамтамасыз етеді. Бұл секторда экономикалық жағынан белсенді азаматтардың 68 пайызы жұмыс істейді. Кәсіпкерлік өркендеген жерде берекенің есігі ашылатынын ескерген қала басшылығы осы бағытта бірқатар тиімді жобаларды жүзеге асырып отыр.

2



МЕКТЕП ЖӘРМЕҢКЕСІНЕ КЕЛІҢІЗ

Елордада Demalys promenad аллеясында «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы аясында мектеп жәрмеңкесі ұйымдастырылады.

Жәрмеңке 25-28 тамыз аралығында таңертеңгі 10-нан кешкі 19:00-ге дейін өтеді. Мектеп оқушыларына қажетті заттар

сатылатын жәрмеңкеде отандық өндірушілердің және жеке кәсіпкерлердің тауарлары төмен бағамен ұсынылады.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 480.15 \$ USD/KZT 476.43 ₪ RUB/KZT 7.80 ¥ CNY/KZT 70.54

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЕКІЖАҚТЫ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Мемлекет басшысының Әзербайжанға ресми сапары барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев қазақ-әзербайжан стратегиялық серіктестігінің негізгі мәселелерін талқылап, саяси, сауда-экономикалық, көлік-транзиттік және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударды. Қазақстан Президенті Бакуге шақырғаны және көрсетілген қонақжайлық үшін тағы да ризашылығын білдірді.

«Мен шағын құрамдағы кездесуге өте ризамын, онда біз мемлекеттеріміздің өзара іс-әрекетінің барлық мәселелері мен әртүрлі салалары туралы жан-жақты пікір алмастық. Қазақстан мен Әзербайжан – жақын мемлекеттер, біз стратегиялық серіктеспіз және одақтаспыз. Бүгін елдеріміз арасындағы стратегиялық қатынастарды нығайту және одақтастық өзара іс-қимылды тереңдету туралы Декларацияға қол қойылады» деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжанға екіжақты ынтымақтастықты жаңа деңгейге шығару үшін

арнайы миссиямен келгенін айтты. Қазақстан Президенті екіжақты сауда-экономикалық байланыстарды дамыту мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталды. «Кейінгі жылдары тауар айналымының айтарлықтай, үш есеге жуық өскеніне қуаныштымын. Бірақ бұл, әрине, жайбарақат жүруге негіз емес екенін атап өткім келеді. Сауданы арттыруға мүмкіндіктер бар деп есептеймін. Біздің үкіметтеріміз жақын арада елдеріміз арасындағы тауар айналымын 1 миллиард долларға дейін ұлғайту үшін жұмыс істеуі керек» деді Мемлекет басшысы.

Ильхам Әлиев Қазақстан Президентіне Әзербайжанға келуге шақыруды қабыл алғаны үшін алғыс айтты. «Бұл сапар біздің қарым-қатынасымыздың дамуының болашағы үшін үлкен маңызға ие болатынына сенімдімін. Ең алдымен, мені Қазақстан Республикасының ең жоғары «Алтын Қыран» орденімен марапаттағаныңыз үшін ресми делегацияның алдында

сізге тағы да алғыс айтамын. Бұл сыйлықты қабыл алу – мен үшін үлкен мәртебе. Мен мұны біздің халықтарымыздың достығы мен бауырластығының дәлелі және Әзербайжанның қарым-қатынасымызды нығайту бағытында жасап жатқан жұмыстарына берілген жоғары баға деп білемін. Сондай-ақ Қазақстанның Әзербайжанға сыйлығы – азат етілген аумақтарда салынатын балалардың шығармашылық даму орталығының тұсаукесері өтті. Бұл халқымызға деген бауырмалдық көзқарастың тағы бір көрінісі, Қарабақты қалпына келтіруге қосқан үлес» деді Әзербайжан Президенті. Сонымен қатар Әзербайжан Президенті жақында Сумгаит қаласының орталық көшелерінің біріне қазақ халқының көрнекті азаматы, ағартушы, түркітанушы Ахмет Байтұрсынұовтың есімі берілгенін еске салды. Ол бауырлас екі ел арасындағы қарым-қатынасты дамытынына сенім білдірді.

уәкелерін, арнайы экономикалық аймақ аумағында «Astana Invest» және индустриялық парк арқылы жеңілдікті преференциялар беруге мүмкіндік береді. Бұл шаралар дағдарыс кезеңінде ерекше және маңызды рөл атқарды» деді әкім.

Сондай-ақ қала басшысы әртүрлі бағдарламалар арқылы гранттар мен жеңілдетілген несиелер берілетінін тілге тиек етті. «Мәселен, биыл жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 130-дан аса грант берілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге көп. Шағын және орта бизнес нысандарына инженерлік желілер жүргізу бойынша қолдау көрсетеміз, бизнес шығындарын азайту және қолдау үшін қажетті инфрақұрылым жасаймыз. Бүгінде «iQala» қалалық қызметтер орталығы, инвесторларға арналған «Astana Invest» фронт-кеңесі және тағы басқалар табысты жұмыс істеуде» деп атап өтті елорда әкімі.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН АРАЛАДЫ

Премьер-министрдің орынбасары Ерлы Тоғжанов жұмыс сапары аясында елорданың білім беру ұйымдарын аралады. Алдымен №65 мектепке жапсарлас салынып жатқан нысанның құрылысының барысымен танысты.

Бұл мектептің жобалық құрамы бір ауысымда 1200 орынды құрайды. Қазіргі кезде 3 мыңнан астам оқушы білім алады. Оқушы орындарының санын арттыру мақсатында қосымша құрылыс салынып жатыр. Мектептің жаңа бөлігі пайдалануға берілгенде қо-

сында 1204 бала үшін оқыту ұйымдастырылған. №1 арнайы мектеп-интернатта 520 бала оқиды, 125 орындық интернат бар. Бұл мектеп-интернаттың қолда бар инфрақұрылымы күндізгі/сағаттық болу шеңберінде қосымша сабақтар өткізу үшін ерекше білім

лекет басшысы инклюзивті білім беру мәселелері бойынша заңнамалық өзгерістерге қол қойды. Дәл осы заңнамалық актіде бастапқы және базалық негіздер қаланған. Жауапты мемлекеттік органдардың міндеті – заңнамалық нормалардың мүлтіксіз орында-



сымша тағы 1,2 мың оқушыға арналған орындар ашылады.

Сондай-ақ Премьер-министрдің орынбасары ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған №1 арнайы мектеп-интернатының жұмысымен танысты. Ерлы Тоғжанов инклюзивті білім берудің негізіне балаларды кез келген кемсітуді болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология енгізілгенін атап өтті.

Нұр-Сұлтан қаласында инклюзивті оқытуды қажет ететін 14 мыңнан астам бала тұрады. 3 мамандандырылған білім беру ұйымдарының база-

берілуіне қажеттілігі бар балалар контингентін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндік мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға жүктемені азайтуға ықпал етеді.

Сондай-ақ Ерлы Тоғжанов елорданың білім беру ұйымдары өз мысалында мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқыту мен кәсіби даярлауда кедергісіз ортаның қалай құрылатынын көрсетуде үлгі болуы тиіс екенін атап өтті. Жыл сайын жаңа білім беру нысандары пайдалануға беріледі. Жобалық құжаттама әзірленген сәттен бастап олар ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту үшін жағдай жасау жөніндегі шаралар кешенін ескеруі тиіс. «2021 жылы Мем-

луын қамтамасыз ету» деді Е.Тоғжанов.

Сапар соңында Үкімет басшысының орынбасары қайта құрудан кейін жақында ашылған Көктал-2 тұрғын алабындағы «Қорғалжын» саябағына барды. Скверде балалар мен ересектердің бос уақытын өткізуге арналған алаңдар, мәдени және қоғамдық іс-шаралар өткізуге арналған аймақ, спорт алаңы бар. Мұнда шахмат пен үстел теннисіне арналған үстелдер орнатылған.

Нысанды аралау барысында Е.Тоғжанов Көктал-2 тұрғын алабының тұрғындарымен кездесу өткізді. Кездесудің қорытындысы бойынша қала әкімдігіне және мүдделі мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берілді.

ЕЛОРДАНЫҢ ТІРЕГІ – ОРТА КӘСІП ИЕСІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов кәсіпкерлермен «Ашық микрофон» форматында кездесу өткізді. Жиында әкімшілік кедергілерді қысқарту, құрылыс саласын дамыту, қаланың дизайн-коды, жер учаскелері мен инженерлік желілер, жобаларды қаржыландыру және тағы басқа өзекті мәселелерге қатысты кәсіпкерлерді толғандырған барлық сауалдарға жауап берілді.

Кездесуге «Атамекен» ҰКП, қаланың құқық қорғау және қадағалау органдарының, салалық қауымдастықтардың, адвокаттық заң қауымдастығының басшылығы, кәсіпкерлер қатысты.

«Қала экономикасының негізін шағын және орта бизнес құрайды. Елордада түрлі секторлар бойынша жұмылдырылған және 500 мыңға жуық қала тұрғыны жұмыс істейтін 180 мыңға жуық бизнес субъектісі

бар. Тұрғындар олардың қызметін күн сайын пайдаланады. Олардың арасында қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету, сол сияқты құрылыс, медицина, білім беру салалары және тағы басқалар бар. Сол себепті елорданың бизнес ахуалын одан әрі жақсарту тетіктері аса маңызды» деді жиында қала басшысы.

Алтай Көлгінов Мемлекет басшысының шағын және орта бизнесті дамыту үшін тиісті жағдай жасауға және қала мен елді дамытуға жеке инвестициялар тартуға ерекше көңіл бөлетінін атап өтті. «Әкімдік тарапынан бизнес өкілдеріне жүйелі қолдау көрсету үшін бірқатар іс-шараларды жүзеге асырдық. Бизнесті, әсіресе шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың айтулы тетіктерінің бірі – «Astana ӘКК» АҚ қызметі болып саналады. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация кәсіпкерлерге бюрократиялық кедергісіз жер

АУДАН ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және қалалық мәслихат депутаттарының келісімі бойынша 37 жастағы Мақсат Саматұлы Нұр-Сұлтан қаласындағы Алматы ауданының әкімі болып тағайындалды. Ол бұл тағайындауға дейін Байқоңыр ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

Еңбек жолын 2007 жылы Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаментінің маманы қызметіне бастаған. Әр жылдары «Астана қалалық коммуналдық шаруашылық», Астана қаласының Энергетика және коммуналдық шаруашылық департаментінде жұмыс істеді.

2012 жылдан бастап 2022 жылға дейін Алматы ауданы әкімінің аппаратында түрлі



лауазымдарда, оның ішінде 2019 жылдан 2022 жылға дейін Алматы ауданы әкімінің орынбасары болып қызмет етті. Соңғы 8 айда Байқоңыр ауданы әкімінің орынбасары болып жұмыс істеді.

Мақсат Саматұлы – меритократия қағидатына сәйкес, қатардағы маманнан Алматы және Байқоңыр аудандары әкімінің орынбасарына дейінгі жолды өткен тәжірибелі маман.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР


Қытайда әлем бойынша алғашқы аспалы теміржол іске қосылды.

Мұндай теміржолдың құрылысына жұмсалатын қаржы метро желісі құрылысына қажетті қаржының 10-нан бір бөлігін ғана құрайды. Теміржол Қытайдың оңтүстігіндегі Цзянси провинциясында ашылған. Оның ұзындығы – 800 метр, жер бетінен 10 метр биіктікте орналасқан. Механизм үздіксіз магнит өрісі негізінде жұмыс істейді және 88 жолаушыға арналған құраманы көтере алады.



Түркменбашы-Гарабогаз-Қазақстан шекарасы жолының бір бөлігі саналатын Гарабогаз шығанағы арқылы жаңа автомобиль көпірі салынады.

Аталған көпір елдер арасындағы тауар айналымын жақсартуға және Еуропаға жолды қысқартуға бағытталған. Жолдың бойында демалыс базаларын, қонақ үй, техникалық қызмет көрсету орталықтарын, аялдамалар салу көзделуде. Құрылыс 2024 жылы маусым айында аяқталады деп күтілуде.



Климат өзгерісі адамзатқа зор қауіп төндіріп тұр.

Мұның зардабын қазірдің өзінде жекелеген елдер тарта бастады. Германиядағы, Бавариядағы мұздықтар еріп, Сербия, Косово мен АҚШ-та өзен-көлдер тартылып жатыр. Мамандар 15 жылдан кейін олар мүлдем құриды деп қауіптенеді. Өйткені температура уақыт өткен сайын жоғарылап барады. Сарапшылар газ қалдығы қысқарса, Альпі мұздықтарын аман сақтап қалуға болады деген пікірде.

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ ТЫНДАЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елордадағы Оңтүстік-Шығыс елді мекенінің тұрғындарымен кездесті. Қала тұрғындары әкімге үйлерді одан әрі газға қосу, абаттандырылған аулалар мен қоғамдық кеңістіктер санын арттыру, кәріз, жол салу, жарықтандыру секілді түрлі мәселелерін айтты.



– Аудандарымыздың, елді мекендеріміздің тұрғындарымен тұрақты кездесу өткіземіз. Сонымен Оңтүстік-Шығыс елді мекенінің тұрғындарымен бас қостық. Алдыңғы кездесуде қала тұрғындары бірқатар мәселені қозғаған

болатын. Қазір олардың басым бөлігі шешілді, ал жүйелі мәселелер бойынша тиісті жұмыстар жүріп жатыр. Бұл кездесуде көтерілген проблемалар осы жылдың да, 2023 жылдың да жоспарына енгізілді, – деді әкім.

Әкімнің айтуынша, осыған дейін айтылған мәселелердің ішінде инженерлік желілер құрылысын жобалау жүргізілуде. Атап айтқанда, 30 км сумен жабдықтау желісі, 15 км тұрмыстық кәріз желісі, 23 км нөсер кәрізі желісі жасалуда. Қозыбасы, Бурабай, Ақарыс, Ертіс, Жайық, Еділ, Дегеріс және т.б. көшелердің жолы салынды.

– Оңтүстік-Шығыс елді мекенін толықтай газбен қамтамасыз еттік. Сол үшін 160 км-ден астам газ тарату желісі салынды. 1600-ден астам абонент газға қосылды, тағы 1900 абонент техникалық шарт алды. Осыған дейін айтқанымдай, газға қосылу үшін мұқтаж жандарға көрсетілген әлеуметтік көмек мөлшерін 410 мың теңгеге дейін ұлғайтып, қажетті құжаттар тізбесін екі есе қысқарттық. Бұл шараның бәрі газға қосылған үйлердің санын көбейтуге мүмкіндік береді, сол сияқты қала экологиясына, қала тұрғындарының өмір сүру сапасына оң әсер етеді. Елді мекендерді жүйелі абаттандыру ісі Мемлекет басшысының тікелей бақылауында, – деп атап өтті А.Көлгінов.

Аталған елді мекенде 50-ден астам камера, 2 мыңнан аса жарықдиодты шам орнатылды, жыл соңына дейін тағы 500 шам орнату жоспарланған, 3 қоғамдық кеңістік абаттандырылды, сондай-ақ келесі жылы қоғамдық кеңістіктерге арналған тағы 13 учаске жоспарланды.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Қаладағы апатты үйлер тізіміне енгізілген тұрғындар үшін қандай мүмкіндік жасалады?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Биыл апатты жағдайдағы ескі үйлердің арасында қауіпті күйдегі 18 үйдің тұрғындарын көшіреміз. Онда 300-ден астам отбасы тұрады. Мұндай көппәтерлі және жеке үйлердің проблемалары, негізінен, электр сымдарымен, кәрізбен, сумен, шатырмен, іргетасымен байланысты. Тіпті пәтер ішінде пеш те орнатылған, дәретханасы сыртта орналасқан тұрғын үйлер де бар. Бірқатар апатты үйлерден тұрғындарымен кездестім. Мәселен, Сарыарқа ауданында тұратын тұрғындармен (Рауан тұйық көшесі 15, 16, 17) кездесуде көшу мәселесі талқыланды. Олардың баспанасы апатты ескі үйлер тізіміне енгізіл-

ген: қазіргі уақытта оларға арнап жаңа тұрғын үй кешені салынып жатыр, оны жыл соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқтала салысымен Рауан тұйық көшесі 15, 16, 17 мекенжайында тұратын тұрғындарды көшіреміз. Елорда Даму бағдарламасы бойынша тұрғындарды қауіпті үйлерден көшіру жұмысы жүріп жатыр. Соңғы 3 жылда апатты үйлерден 700-ге жуық отбасы көшірілді. Бағдарлама басталғаннан бері шамамен 4 мың 200 отбасы көшірілді. Қалада 200-ден астам апатты үй бар. Олар бойынша тиісті жұмыс жоспарлы түрде жүргізілетін болады.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Арман ДАБЫЛОВ, елорда тұрғыны:

– Елорда әкімдігінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу үшін өтініштер қабылдау қашан басталады?

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ресми сайтынан ақпаратты ұсынамыз:

– Биыл 1-15 қыркүйек аралығында елордада кәсіпкерлерден әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу туралы өтініштер қабылданады. Жоғарыда көрсетілген тізілімге өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі. Өтінімдер Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік

көшесі, 11, 113-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады. Кәсіпкер құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған не қағидалардың шарттарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін деректер немесе құжаттар дәйексіз болған жағдайда ұйымдастырушы оларды кәсіпкерге қайтарады. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері төрт санатқа бөлінеді. Субъект нақты қандай екеніне байланысты және құжаттар пакеті жиналады. Толығырақ ақпаратты 55-69-10, 55-69-03, 55-69-19 телефондары арқылы алуға болады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАРАПАТҚА ЛАЙЫҚТЫ

Елордалық дәрігерлерге Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы медалі табысталды. Мерекелік марапат Конституция күніне орай №2 көпбейінді балалар ауруханасының қызметкерлеріне көрсетілді.

Іс-шара барысында төрт медицина қызметкеріне Франциялық CIPDH штаб-пәтері Қазақстандағы өкілдігінен медальдар мен ордендер берілді. Оның ішінде аурухана директоры Гүлнар Құлышева «CIPDH бейбітшілік миссиясының адамы» халықаралық орденімен және тағы үш медицина қызметкері – Мейірімділік және әділдік медальдарымен марапатталды. Орден мен медальдарды Франциялық CIPDH штаб-пәтері Қазақстандағы өкілдігінің директоры Шахим Насибов тапсырды.

– Мереке қарсаңында дәрігерлерге алғысымызды білдіруді жөн көрдік. Бізге меценаттар мен демеушілер де қолғабыс көрсетті. Осының арқасында көпбалалы аналарды да құттықтауға мүмкіндік туды. Бұл кісілердің еңбегі ерен. Кез келген құрметке лайық, – деді CIPDH штаб-пәтері Қазақстандағы өкілдігінің директоры.



Сондай-ақ аурухана қызметкерлері денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан үлесі үшін «Аманат» партиясының алғыс хаттарымен марапатталды. Одан бөлек, «Мектепке жол» акциясы аясында аурухана қызметкерлерінің балаларына кеңсе тауарлары салынған рюкзактар таратылды. Сыйлық көпбалалы жалғызбасты аналарға берілді.

ҮЗДІК ЕҢБЕККЕР АНЫҚТАЛДЫ

Елордада «Еңбек жолы» байқауы қалалық кезеңінің жеңімпаздары марапатталды. Биыл конкурсқа қатысуға 31 өтінім қабылданды.

Конкурс қорытындысы бойынша «Үздік еңбек әулеті» номинациясында бірінші орынды «ҚТЖ «ҰК» АҚ Бурлиновтар әулеті иеленді, еңбек әулетінің теміржол көлігі саласындағы жалпы жұмыс өтілі – 117 жыл. «Өндірістің үздік жас маманы» номинациясында бірінші орынды «Premier Palace» ЖШС геодезисі Арайлым Әбілғазиева иеленді. «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері»

номинациясында «Қазақтелеком» АҚ техникалық қолдау бірінші желісі орталығының бас менеджері Раушан Амантаева жеңіске жетті. Қалалық кезеңінің жеңімпаздары «Еңбек жолы» конкурсының республикалық кезеңінде елорданы таныстырады.

Биыл мамыр айында басталған байқау өнімді еңбекті ынталандыруға, жастар арасында жұмысшы

мамандықтарды танымал етуге және жұмысшы әулеттерінің көпжылдық дәстүрлерін нығайтуға бағытталған. Конкурс екі кезеңнен (өңірлік және республикалық) тұрады. Қатысушылар үш аталым бойынша анықталады: «Үздік еңбек әулеті» – еңбек өтілі ең ұзақ, марапаты ең көп әулет таңдалады; «Өндірістің үздік жас маманы» – жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын, ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмысшысы таңдалады; «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» – жұмыс өтілі кемінде 20 жыл, жоғары тиімді жұмыс істейтін тәлімгер таңдалады.

Аустралия мен АҚШ-тың зерттеушілері жойылып кеткен тасманиялық жолбарыс популяциясын қайта тірілту жобасына кірісті.

Бұл қалталы қасқыр немесе тилацин деп аталатын жыртқыштардың соңғысы 1930 жылдары өлген. Жобаны Мельбурн және Гарвард университетінің профессорлары және адам геномының шифрын нашу жобасын жасаушылардың бірі Джордж Черч негізін қалаған биотехнологиялық компания жүзеге асырмақ.



Британиялық «Макслаймер» деп аталатын робот кеме Тынық мұхитындағы Тонга жанартауын зерттеуге кірісті.

Ұзындығы 12 метрдей болатын кемені ғалымдар Англиядағы орталықтан отырып басқарады. Хунга Тонга жанартауы биыл қаңтар айында атқылаған болатын. Мамандар мұхит астындағы отты таудың оянуы неге әлемнің көп аймағында толқын туғызғанын анықтауды көздеп отыр.

КЕЗЕКТЕ ҚАНША БАЛА БАР?

Биылғы білім беру кезеңіндегі ақпарат бойынша «INDIGO: электронды балабақша» порталында 60 мың 175 бала кезекте тұр. Биыл мектепке дейінгі ұйымдардан 21 мың 978 орын жинақталды.

Астанадағы 432 балабақшада 56 мың бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі ұсынған мәліметке сүйенсек, елордадағы 99 мемлекеттік балабақшада 31,5 мың бала тәрбие алады. Қалған 328

жекеменшік балабақшаның 314-і мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істеп, 27 мың баланы мектепке дейінгі біліммен қамтып отыр. Сондай-ақ түрлі ұйымдарға бағынысты 3 балабақша мен 2 шағын орталықта 630-дан астам бала тәрбиеленеді.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

24.08.2022	ELORDA.INFO			
	Астаналық базар	«Әлем» базары	«Шағатай» базары	Көк базар (Шанхай)
Бірінші сортты бидай ұны	550	650	700	800
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	120	140	150
Макарон енімдері	380	285	300	350
Қарақұмық жармасы	750	710	620	600
Тазартылған күріш	550	460	450	450
Картоп	220	350	185	180
Сәбіз	280	260	190	250
Пияз	280	250	175	230
Қырыққабат	200	200	150	170
Қант	715	824	640	650
Күнбағыс майы	1100	1240	1030	1000
Сыыр еті	2750	2600	2200	2800
Тауық еті	1750	1600	1400	1700
Пастерленген сүт	300	480	420	380
Айран	400	408	420	450
Сары май	4000	4500	4500	3500
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	480	440	450	450
Ас тұзы	100	70	90	100
Сүзбе	1000	1200	1100	900

БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНАДЫ

Кеше елорда әкімдігінде «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының төрағасы Болат Жәмішев пен Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің қатысуымен дөңгелек үстел мәжілісі өтіп, қос тарап өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Алқалы жиынға азаматтық сектор және үкіметтік емес ұйымдары, бизнес қауымдастығы, жастар ұйымдары өкілдері, қала ардагерлері, мемлекеттік органдар қызметкерлері, қалалық мәслихат және қалалық қоғамдық кеңес мүшелері қатысып, өтініш-тілектері мен ұсыныстарын жеткізді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Дөңгелек үстел мәжілісін ашып, жүргізіп отырған қала әкімі Алтай Көлгінов «Қазақстан халқына» қоры Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау салаларындағы мәселелерді шешу үшін құрылғанын еске салып, жиынның мақсат-міндеттерін атап өтті.

Одан кейін сөз алған Болат Жәмішев «Қазақстан халқына» қоры қызметінің бағыттарын, жобаларын таныстырды. Осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстарына және алдағы жоспарларына тоқталды. Алдағы қыркүйек айының ортасында конференция ұйымдастырылып, онда қордың жаңа тұжырымдамасы, бағдарламалары мен жобалары

бекітілетінін жеткізді.

– «Қазақстан халқына» қоры құрылғанына жарты жыл болды. Осы уақыт ішінде ел тұрғындарына 10 миллиард теңгеден асатын сомаға көмек көрсетілді. Бұл көмекті қырық мыңнан астам қазақстандық алды. Бұл емделу, білім гранттары және аймақтарда балалар спортына дамытуға жағдай жасау көмектері, – деген Болат Жәмішев денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қолдау салаларында берілген көмекке жеке-жеке тоқталды.

Соның ішінде қордың бір мақсаты – ауылдық жерлерде білім деңгейін көтеру.

– Өкінішке қарай, салалық министрліктің ресми рейтингтері соңғы жылдары ауыл мектептеріндегі білім деңгейі көтерілгені орнына төмендеп бара жатқанын көрсетті. Бұл – өте алаңдатарлық жағдай. Сол үшін



Суретті түсірген А. КУПРИНКО

қазір жедел шаралар қабылдау керек. Біздерге ауылдардағы мектептердің барлығында интернет болмағандықтан, білім деңгейін көтеру мүмкін емес деген ақпарат түсті. Рас, солай. «250+» деген бағдарлама бар. Яғни, 250 тұрғыннан асатын ауылдар интернетпен қамтылады. Бірақ елдегі ауылдардың 26,7 пайызында тұрғындар саны одан аз. Бұл ауылдарға интернет бармайды. Біздің қор осыған мүдделі, осындай ауылдарға интернетті тартып бергіміз келеді, – деді Болат Жәмішев.

Мектептерді жабдықтау, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалту мәселелеріне тоқталды. Қор сәбилерде кездесетін ау-

руларды ерте бастан анықтау үшін елдегі барлық перинаталдық орталықтарды керек қондырғылармен қамтамасыз етуді жоспарлағанын айтты. Денсаулық сақтау саласында қордың атқарған жұмыстарын алдағы жоспарларын жеткізді. Нұр-Сұлтан қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов елордада 160 мың зейнеткер тұратынын, олардың көпшілігі медициналық көмекті қажет ететінін, зейнеткерлер интернетті меңгермегендіктен, емханаларға барғанда кезектерін ұзақ күтетінін айтты.

– Қаланың барлық емханасында MRT жоқ. №1 қалалық емханаға жөндеу жүргізіп, қа-

жет қондырғыларды алып беру керек. Содан кейін Сарыарқа және Байқоңыр аудандарында тұратын зейнеткерлерді осы емханаға тіркеу керек, – деді Сансызбай Есілов.

Нұр-Сұлтан қаласы онкология орталығына да қажет қондырғылардың жетпей жатқанын, «Қазақстан халқына» қоры тарапынан сол жағынан көмек керектігі туралы да айтылды. Оның мәнісін елорда әкімі Алтай Көлгінов түсіндірді.

– Онкология орталығы қала әкімдігіне қарайды. Бірақ оған қала тұрғындары ғана емес, бүкіл өңірлерден науқастар келеді. Олардың бетін қалай қайтарасыз? Сондықтан бөлінген қаржы

жетпейді. Тіпті, орталықтың кірісінен шығыны асып кетеді. Қаржыны олай да, былай да тартқанда қажет қондырғыларды алуға мүмкіндік болмайды. Сол себептен «Қазақстан халқына» қорының осыған септесуін сұраймын, – деді Алтай Көлгінов.

Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, республикалық «Күй анасы» қоғамдық қорының төрағасы Төлеген Қуанышев «Қазақстан халқына» қоры руханият саласына да көңіл бөлсе деген тілегін жеткізді. Соның ішінде домбыра жасау өндірісін ашуға көмек беруді өтінді.

Оның айтуынша, елімізде сапалы домбыра жасайтын өндіріс орны мүлде жоқ. Жеке шеберлер бар, бірақ олардың жасаған аспабы өте қымбатқа түседі немесе сапаға жауап бермейді.

Нұр-Сұлтан қаласы Белсенді өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркетаев бірнеше жоба ұсынды. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарды елдің Балқаш, Алакөл, т.б. демалыс орындарын аралатуға бағытталған «Инваксия» қызметі жобасын қолға алу керектігін айтты.

Жиынды түйіндеген елорда әкімі Алтай Көлгінов «Қазақстан халқына» қоры төрағасына меморандум аясында бірнеше жобаны бірлесіп жүзеге асыруды ұсынды. Соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау, инклюзивті мектептерді ашу, перинаталды орталықтарды жабдықтау, т.б. маңызды жұмыстар бар.



Кеше Ауыл шаруашылық министрі Ербол Қарашөкеев Нұр-Сұлтан қаласын азық-түлікпен қамту, азық-түлік өнімдерінің өндірісін көру мақсатында қаладағы бірқатар агроөнеркәсіптік кешен нысандарды аралады.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БЕЛДЕУІ АСА МАҢЫЗДЫ

Қалиакбар УСЕМХАНҰЛЫ

Алдымен «Тәп-тәтті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне ат басын тіреген министр аталған серіктестіктің жаңадан салынып жатқан құрылыс нысанымен танысты.

Жалпы аумағы 7000 шаршы метрді құрайтын жаңа зауыттың іргетасы өткен жылдың соңында қаланған. «600 адам жұмыс істейді, күніне 10 мың балкүлше өндіреді» деп жоспарланған бұл өндіріс орны биыл жыл соңында пайдалануға берілмек.

Алғашқы жұмысын отбасылық шағын дүкеннен бастаған «Тәп-тәтті» кондитерлік компаниясы 2008 жылы құрылып, 2009 жылы өз өнімдерін нарыққа шығарған. Қазір елордада 22 дүкені бар. Бастабында бұл орында 4-5 адам ғана жұмыс істесе, ал қазір жалпы жұмысшылар саны 300 адамнан асты. 100-ден астам өнім ұсынады. «JFOOD KAZAKHSTAN» («Цесна-Астық» концерні)

ЖШС-нде министр азық-түлік өндірісімен қатар, өнімдердің сатылым жағдайымен де танысты. Серіктестік қызметкерлері жыл басында бидайдың тоннасы 120 мың теңге болса, жыл ортасында бұл көрсеткіш 180 мың теңгеге дейін көтеріліп, ұн және басқа да өнімдердің бағасына айтарлықтай әсер еткенін жеткізді. Сонымен қатар, серіктестік басшылары «Цесна-Астық» концерні ЖШС-нің бас қаланы азық-түлікпен қамтамасыз ету рөлін де атап өтті.

Аталған нысандарды аралап шыққаннан кейін министр ауыл шаруашылығына және азық-түлік мәселесіне қатысты түйіндерге тоқталып, Нұр-Сұлтан қаласы үшін елорда аумағын азық-түлікпен қамтамасыз етудің маңызды түйін екенін, осы мәселені үйлесімді шешу үшін «Астана азық-түлік белдеуі» құрылғанын, қазір осы жоба аясында бас қаланы азық-түлікпен қамтамасыз ету ісінде үлкен кедергілердің жоқ екенін айрықша атап өтті.

ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ

2021-2023 жылдары елімізде «Elorda Jastyry» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама аясында Neet санатындағы жастарға түрлі көмек көрсетіледі. Сондай-ақ осы санаттағы жастарға жан-жақты қолдау беруде Нұр-Сұлтан қаласының Жастарды қолдау орталығы жұмыс істейді. Жыл басынан бері орталық NEET және пробация қызметінің есебінде тұрған 18-29 жас аралығындағы 2500 азаматқа тегін көмек көрсетіп келеді.

Айта кетейік, NEET санатына оқуын жалғастыруға немесе ақшын төлеуге мүмкіндігі жоқ, арнайы/кәсіптік білімі жоқ жастар, жұмыс іздеумен, оның ішінде арнаулы білім мен жоғары білімді талап етпейтін жұмыс іздеумен айналысатын, сондай-ақ ауыл жастары, өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастар және пробациялық бақылаудағы жастар кіреді.

Жастарды қолдау орталығы 2020 жылдан бастап жұмыс істей бастады. NEET санатындағы жастарды қолдау жобасы «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ қолдауымен іске асырылуда.

ша тіркелу мәселесімен осы орталыққа жүгіндік. Бұл мәселені бізге дәл сол күні шешіп берді. Орталық мамандарына алғысымыз шексіз. Тіркеуден өткеннен кейін үй алу кезегіне тұруды жоспарлап отырмыз. Қызымыздың денсаулығында ақаулықтар бар. Осы тұрғыда мамандардың кеңесін алдық. Материалдық тұрғыда да көмек көрсетілді. Жалпы орталық кез келген жағдайда қол ұшын созуға дайын, – деді Айгүл Дөсербекова. Жастарды қолдау орталығында тұрақты негізде заңгерлер, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер тегін көмек көрсетеді. Орталық мамандары жұмыс іздеу механизмі, жұмысқа

жоспарлау дағдыларын дамытуға көмектесіп, басқа да мәселелер бойынша кеңес беруге әзір.

Орталық заңгері Айжан Еділбаеваның айтуынша, жастар арасында жеке құжаттарға немқұрайлы, жауапсыз қарау тенденциясы бар. Мысалы, азық-түлік сатып алу кезінде жеке құжаттарды кепіл ретінде қалдыру, жалға алу ақысын төлеу және құжаттарды кейіннен сатып алу үшін қарызды қайтармау секілді жағдайлар жиі кездеседі.

Заңгер ата-анасының қамқорлығынан қалған жастарға құжаттарын толтырып, болашақта жоғары оқу орындарына түсіруге де дайын екендігін атап өтті.

Орталықтың көмегіне жүгінген Наталья есімді қала тұрғыны жеке құжаттарын реттеу, тұрғын үйін тіркеу, жұмысқа орналастыру мәселесімен мамандардың қызметін пайдаланып келеді. Қазіргі таңда жұмыс істеп, екі баласын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына орналастырған. «Қыркүйек айының басында жеке куәлігімді аламын. Одан кейін балаларымды балабақшаларға кезекке қоямын. Жұмысқа ор-

жоба бойынша 1500 мыңнан аса адам кеңес алып үлгерді.

Жастарды қолдау орталығы жеке және кәсіби қасиеттерді дамыту бойынша оқыту семинар-тренингтері, түйіндеме жасау, әңгімелесуден өту бойынша шеберлік сыныптарын да тегін өткізеді. Бүгінгі таңда 1013 адам семинар-тренингтер мен шеберлік сыныптарына қатысқан.

Жастар заман ағымына сай жаңа мамандықтарды еркін әрі тез меңгеріп кетуге тиіс деп санайды орталық мамандары. Осы орайда жыл сайын «Компьютерлік сауаттылық негіздері, бағдарламалау курстары», «СММ, копирайтинг», «Social Media Marketing-менеджер», «Заманауи қоғам көшбасшысы» сияқты қысқа мерзімді оқыту бағдарламаларын ұйымдастырылып, 140-тан астам адам оқудан өтіп, сертификаттар алған.

«Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ бөлім басшысы Аян Ерментаев орталыққа Neet санатындағы жастар ғана емес, ата-анасының қамқорлығынан айырылған, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар да тегін көмек ала алатынын атады.

Орталық NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіру және ынтылдандыру мақсатында түрлі КВН байқауларын, турнирлер, футбол жарыстарын ұйымдастырып, техника дүкендеріне сертификаттар түрінде бағалы сыйлықтар табыстайды. Сондай-ақ онлайн бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізіледі, онда мүгедек адамдар мен 29 жасқа дейінгі сотталған жастар үшін бос жұмыс орындары ұсынылады.

Жастарды қолдау орталығында ағылшын, қазақ тілдері, компьютерлік сауаттылық негіздері, тігін, фитнес, жол жүру ережелері, гитара үйірмесі және т.б. тегін курстар өткізілетінін атады. Орталық Абай даңғылы, 92/3 мекенжайында орналасқан.

Индира БЕРЖАНОВА



Аталған орталыққа елордалық жастар өздерін толғандырған түрлі мәселе, сұрақтар бойынша жүгіне алады. Солардың бірі жас ерлі-зайыпты – Сұлтан Сағындық пен Айгүл Дөсербекова. Олар мұнда бір айға жуық уақыт қызмет алуа. – Тұрғылықты жер бойын-

орналастыру бойынша мемлекеттік бағдарламаларға қатысу, қайта оқыту және кәсіптік оқыту мүмкіндіктері туралы кеңес береді. Орталық психологтары мамандық таңдауда және жұмыс іздеуде дұрыс бағдар қоюға, жеке және кәсіби дағдыларды дамытуға, мақсат қою және

наласып, жалақымызды да алып жүрмін. Осы үшін мамандарға рақмет айтқым келеді» деді қала тұрғыны.

Сондай-ақ орталық мамандары маргиналды жастар шоғырланған жерлерде жұмыссыз жастар үшін ақпараттық-кеңестік көшпелі іс-шаралар өткізеді. Аталған

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕСТАТИСТИКА
НЕ ДЕЙДІ?

Статистиканы сөйлетсек, 2021 жылдың қаңтар-маусым айында 64951 неке тіркелсе, 2022 жылдың дәл осы айларында 55065 неке шарты жасалды. Көрсеткіш бе, екі жылды салыстырғанда некелесу дерегі 10 мыңға жуық кеміді.

Енді соңғы 20 жылдағы ажырасудың салаласақ, жыл өткен сайын неке бұзу дерегі артқанын көруге болады. Мәселен, Ұлттық статистика бюросының дерегі бойынша, 2000 жылы ажырасқандар саны 27391 құраса, 2005 жылы – 32377, 2010 жылы – 41617, 2015 жылы – 53293, 2020 жылы 48002-ға жетті. 2021 жылы 140256 жұп шаңырақ көтерсе, 48239-ның дәм-тұзы жараспады.

Ажырасудың жоғарғы көрсеткіші Нұр-Сұлтан қаласында және Солтүстік және Шығыс Қазақстан облысында байқалады. 2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласында ажырасқандар саны 824 болса, биылғы шілде айындағы көрсеткіш бойынша 749 жұп ажырасқан. 2005 жылы – 4022/1242, 2010 жылы – 7379/2011, 2015 жылы – 11213/3788, 2020 жылы – 10597/4183. Байқағаныңыздай, бес жыл өткен сайын неке санымен бірге ажырасу фактісі артып отыр. Ал бала туу көрсеткіші төмен солтүстік облыстардағы некелесу мен ажырасу фактісі тіпті жаға ұстататын деңгейде. Мәселен, 2020 жылы Павлодар облысында 4870 неке тіркелсе, сот алдында 2712-і ажырасты. Сол жылы Солтүстік Қазақстан облысында 2932 адам некелесе, оның 1938-і неке шартын бұзды. Аталған екі облыста да соңғы жылдары шаңырақ көтеретіндер саны едәуір азайды.

Бұл – алаңдайтын мәселе. Үйленудің азайып, ажырасудың көбеюі ұлттық сапалық деңгейіне әсер етіп, жер жүзінен жойылған жұрттың қатарына қосылуға итермелейтіні айдан анық.

ӘЛЕМДЕГІ АХУАЛ ҚАНДАЙ?

Жалпы әлемнің озық 30 еліне кіреміз деп ұрандап жүргенде, ажырасу көрсеткіші бойынша үздік 15 елдің арасына еніпсіз. Мақтанамыз ба, әлде сыйлау айтып, ақталамыз ба?

Жаһандандудың сценарийін жасайтын Батыс ажырасуды қалыпта жағдай ретінде дәріптеп, біржыныстылық қатынасты қарқынды насихаттауда. Ажырасу процедурасы туралы мол ақпарат беретін progazvod.com деректеріне сенсек, Люксембургте бір жылда үйленгендердің 87 пайызы өз жөнінен кетеді. Бұл көрсеткіш Испанияда – 65 пайыз, Францияда – 55 пайыз, Ресейде – 51 пайыз, Германияда – 44 пайыз, Англияда 42 пайызы «өмір жолымыз бөлек» деген шешім шығарған-ды. Еуропа-лық отбасылардың үштен бірі алғашқы 1 жылда сәтсіздікке ұшыраса, АҚШ-та 25 пен 40 жас арасындағы отбасының тең жартысы 4 жылдан артық бірге тұра алмайды екен. Ал америкалық әлеуметтанушы мен психолог Констанция Аронстың мәлімдемесі тіпті қорқынышты. Ол әлемде әрбір 13 секунд сайын бір отбасы ажырасатынын есептеп, дәлелдепті.

Әлемнің есті елдері «ажырасу ұлтқа төнген қауіп» деп мәселе көтеріп, мемлекеттік деңгейде шешудің жолын іздестіруде. Әлеуметтанушылар пен психологтар ажырасудың жоғары деңгейде болуында опасыздық, сенімсіздік, маскүнемдік, нашақорлық, эмоционалдық зорлық-зомбылық, компьютерге тәуелділік, бедеулік, белсіздік немесе балалы болуды қаламау және т.б. алға тартады. Сондай-ақ отбасылық өмірде жұптардың

АЖЫРАСУДЫҢ
АСТАРЫНДА НЕ
ЖАТЫР?

Мықты отбасы – мықты мемлекет. Айтқанға жақсы ұран сөз. Бірақ мықты мемлекетті құратын мықты отбасы идеологиясы қалай жүргізілуде? Мәселенің мәні осында. Біздің сан ғасырлар бойы сабақтасып келген отбасылық құндылық тәуелсіздік жылдары үзіліп қалды ма? Жастар арасында ажырасу көрсеткіші неге жыл сайын артып отыр?

бір-бірін түсінбеуі салдарынан жанжалдың жиі орын алатыны және әлеуметтік желілердің кері әсері барын жасырмайды.

Ал әлемде ажырасу деңгейі Үндістанда төмен. Онда жылына шаңырақ көтерген 1000 отбасының 13-і ғана ажырасумен аяқтайды. Индуизмнің қағидаларын ұстанып, дәстүрге беріктігі үнділердің отбасылық құндылықты сақтауына септігі мол. Мәселен, Үндістанның



Мәселен, Ұлттық статистика бюросының дерегі бойынша, 2000 жылы ажырасқандар саны 27391 құраса, 2005 жылы – 32377, 2010 жылы – 41617, 2015 жылы – 53293, 2020 жылы 48002-ға жетті. 2021 жылы 140256 жұп шаңырақ көтерсе, 48239-ның дәм-тұзы жараспады

үйлену тойлары, дініне қарамастан, некеден бұрын бірнеше айлық рәсімдерді талап етеді. Ерлі-зайыптылардың ата-аналары мен олардың туыстары қатысатын бүкіл «неке процесі» ерлі-зайыптылар арасында психологиялық байланыс орнатады. Бәрінен бұрын, ажырасу үнділік әйелдер үшін қымбатқа түседі. Ажырасудың орташа құны 7500 долларды құрайды. Одан кейін ажырасу процесі ұзақ мерзімді талап етеді. Үнділік ерлі-зайыпты келісімі бойынша ажырасуы

әдетте 18-24 айға созылады, тіпті даулы ажырасулар 3-5 жылға дейін барады екен.

Үлгі-өнегені ұзақтан іздемей-ақ, Өзбекстанды мысалға алайықшы, өткен ғасырдың 90-жылдары ала шапандылар 17 млн құраса, біздің елде 16 миллион тұрғын болды. Қазір өзбектер 36 миллионға жетіп, әлемде халық саны бойынша 43-орында тұр. Қазақстанның демографиялық жетістігі 19 миллион адамды құрайды (әлемде 62-орын). Африканың батысында Буркина-Фасо деген кедей мемлекет бар. Сенесіз бе, біздің демографиялық деңгейіміз осы елден де төмен.

Ұзақ жылдар жүргізілген реформалардың жемісі 3 миллион адам ғана қосты. Ал Өзбекстан 2 еседі көбейді. Міне, екі елдің бағыт-бағдары қаншалықты тиімді болғанын осыдан ақ аңғаруға болады. Өйткені демографиялық көрсеткіштер елдің экономикалық дамуын айқындайтын негізгі индикатордан саналады. Елдің демографиялық ахуалына неке мен ажырасу тікелей әсер ететіні белгілі.

СЕБЕП-САЛДАРЫ НЕДЕ?

Бұл сұраққа Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, заңгер Салтанат Тұрсынбекова:

– Соңғы бес жылда әйелдердің қатысуымен болған ауыр қылмыстар 20 пайызға өсті. Отбасылық өмірде 4,4 мың заң бұзушылық анықталды. Мұның бәрі ұлттық таным-түсініктегі отбасылық құндылықтар өзгеруінен, – деп жауап берді.

Бұл ойды қызылордалық кәсіби медиатор Ақылбек Жәнібеков те қуаттап:

– Ұлттық құндылықтар әлсіреп, отбасы институтының



Бізде ше? Ерлі-зайыптының бірі сотқа арыз беріп, сот процесіне екі тараптың бірі 3 мәр-те келмесе, олар ажырасқан болып есептеледі. Ажырасу төлемінің құны 800 теңгені ғана құрайды. Құдды, «жастар, ажыраса беріндер!» дейтіндей талап-міндет...

рөлі төмендеп, адамдардың өмірге деген көзқарасы мен қажеттілігі өзгеріп, бұрын ұят саналатын нәрселер, қазір қалыпты жағдайға айналды, – деді. Ал «Медиацияны дамыту орталығы» РҚБ президенті Азамат Жұләев ажырасудың көбеюі материалдық жағдайға байланысты екенін айтады.

– Ажырасуға түрлі себеп әсер етеді. Көп жағдайда, жас отбасының материалдық жағдайының төмендігі, үйдегі жетіспеушілік ұрыс-керіс пен түсініспеушілікке әкеледі. Шаңырақтың шайқалуының тағы бір себебі – ерлі-зайыптының мінезі үйлеспей жатады, – дейді Азамат Әлімғарұлы.

Әлеуметтанушы Айнұр Бахтиярдың сөзінше, отбасылық өмірдің мәнді болуы ортақ жауапкершілікке тікелей байланысты.

– Жастар отбасылық өмірге жеңіл қарайды. Олар отбасы құрып, сәбилі болғаннан кейін басына түскен тұрмыстық ауыртпалықты көтере алмай, ұрыс-керісті үдетіп, үйдің берекесін алады. Отбасындағы түсінбеушілікке ердің епсіз,

қыздың қылықсыз әрекеті де әсер етеді. Неге десеңіз, қазір қыздар көбіне өзге әулетке сіңісуге дайын болмайды. Түске дейін ұйықтап, не тамақ істей алмайды, не үй-жайды дұрыс тазалай алмайды. Ондай бойжеткендер шаңырақтың ұйытқысы бола ала ма? – деді әлеуметтану магистры.

Ажырасуға екі жақтың туыстары араласуы да әсер етеді. Мұндай ойды психолог Айзат Ибрагимова айтты.

– Біріншіден, отбасының берекелі өміріне материалдық мұқтаждық, әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық проблемасы әсер етеді.

Екіншіден, маскүнемдік, құмарлық, қызғаныштық ерлі-зайыптының арасына сызат түсіреді.

Үшіншіден, жұптардың арасына туыстары түсіп, ерлі-зайыптының жеке қарым-қатынасына араласуынан да туындап жатады, – деп жауап берді психолог.

Елордаға Түркістан облысынан келген жалғызбасты ана Тұрсынбай:

– Еркектер арасында жігерсіздік басым. Жауапкершілікті мойнына көтере бермейді. Арамызда үш қызым бар. Оны қойшы, ұл тумайсың деп ұрыс-керісті көбейтті. Сосын қыздарымды алып, Нұр-Сұлтан қаласына тартып кеттім. Әрине, өміріміз оңай болып жатқан жоқ, – дейді.

ЗАЛАЛ-ЗАРДАБЫ ҚАНДАЙ?

Ұлттық сапасы мен сынына, қасиеті мен қабілетіне әсер ететін дертке айналды. Жоқ! Ұлттық трагедия деу керек-ақ! Бұл сөзімізді әлеуметтанушы Айнұр Бахтияр қуаттап:

– Ажырасудың салдарынан толық емес отбасылар, жалғызбасты ана, жалғызбасты әке көбейді. Бәрінен бұрын «әлеуметтік жетім балалар» саны артты. Мәселен, 3 мыңнан аса жасөспірім балалар үйіне түседі. Жетім балаларды асырайтын үйлердегі жасөспірімнің 80 пайызы – ажырасқан отбасылардан шыққан «тірі жетімдер». Мұндай әлеуметтік жағдай баланың дүниетанымына, психологиясына жағымсыз жағы басып. Бұл дегеніміз – ұлттық сапасына кері әсер ететін фактор, – деді.

Семей ерлер гимназиясының офицер-тәрбиешісі Ерназ Тұрсынбекұлының айтуынша, әкенің тәлімін көрмеген, әкенің мысын сезінбеген ұлдар көбейді. Мұндай ұлдар көбіне әлжуаз, еркеготай болып өседі. Ұлтқа төнетін қауіптің бірі – осы!

Енді Оқу-ағарту министрлігі балалардың құқығын қорғау комитетінің жеті жыл бұрын келтірген дерегіне қараңыз: «Елде 400 мыңнан астам аналар, 40 мыңнан астам әкелер 1 миллионға жуық баланы жалғыз өздері әкесіз, не анасыз тәрбиелеп отыр».

Мұның салдары демографиялық ахуалға ғана емес, ұлттың зияткерлік сапасына, жастардың «толық адам» (Абай) болып қалыптасуына кері әсер ететіні анық.

Қоғамдық дерттің себебін іздемей, салдарын жою маңызды. Шындық көп, ақиқат біреу, ол – отбасының беріктігі, мемлекеттің қуаттылығын көрсетеді. Келешегінің қамына кіріскен Өзбекстан отбасының ажырасуын жергілікті жердегі әкімдерінен сұрап, тіпті басшылардың рейтингін түзгенде ажырасудың деңгейінде саралауды жолға қойды.

Ал бізде ажырасып жатқан отбасылардың проблемасымен айналыспақ түгілі, өзі басқа-

ратын елді мекені немесе аудан-қаласында қанша жас бар екенін, олар қайда, не істеп жүргенінен хабары аз. Білмейді, білгісі келмейді деуге болады.

Ажырасудың залалы мен зардабы қандай? Мамандардың пікір-пайымдарынан мынадай ой түйуге болады.

Біріншіден, толық отбасында махаббат пен жылулықты сезінбеген балалар психологиялық күйзеліске тез түсетін, өзіне сенімсіз, жігерсіз болып қалыптасуы әбден мүмкін. Ал ондайлар біреу, екеу емес, мыңмыңдап саналады. Енді ондай балалардың ұлттық сапасына әсерін ойша есептеп көріңіз.

Екіншіден, қоғамда ажырасқан әйелдерге ерлердің көзқарасы төмен болатынын байқауға болады. Мұндай жағдай әйелдің қоғамда өз орнын табуға қиындық тудырмай ма?

АЛДЫН АЛУ
ЖОЛЫ БАР МА?

Бар. Ол үшін тарихтан тағлым алып көрейікші. Қазақ қоғамында ажырасу деген болмады, болған күннің өзінде өте сирек кездесті. «Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді» дегенді берік ұстанып, «әмеңгерлік» институты арқылы жетім-жерсірлердің көбеюіне жол бермеді.

Ол кезде ажырасудың аз болуына заңдар жүйесінің де әсері оң болды. Жеті жарғы заң жинағында ажырасқан жағдайда бала әкесі жақта қалуы тиіс-тұғын.

Қаламгер Қаныбек Әбдуов біздің заңға да осындай бапты енгізуді ұсынады.

– Қазіргі отбасылық ұрыс-керістер баланың тағдырының қасында ешнәрсе емес. Бәрінен баланың мазмұнды өмірі қымбат. Толық отбасында қалыптасқан жастардың өзіне сенімділігі жоғары болады. Ал өзінің қабілет-қарымына сенген тұлғаның идеясы өміршең, көзқарасы кемел, рухы асқақ, бәсекеге қабілетті болып қалыптасады. Егер осыны жіті түсінсек, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу қажет. Онда бір ғана сөз: «ажырасқан жағдайда, бала өкпенің жағында қалады» дегенді қосу керек. Болды. Ажырасудың саны азайды. Біз текті әкеден аламыз. Егер ажырасқан әйел басқа адамға тұрмысқа шықса, артынан ерген балалары өзге елге барады. Содан балалары тегін білмей өсуі де мүмкін ғой! – дейді журналист.

Әлем бойынша ажырасу жөнінен алғашқы бестікке кіретін Ресей Федерациясы келеңсіз жағдайдың алдын алуға қамданып, ажырасқандарға салықтың көлемін 1000 АҚШ долларына дейін көтерудің жолын қарастыруда. Ал Вьетнамда жағдай мүлде басқа. Оңтүстік-Шығыс Азия елінде некені бұзғаны үшін 485-970 АҚШ доллары көлемінде айыппұл төлейді. Соның салдары болар, 2015 жылы Вьетнамда ажырасу 0,4 пайызды құрады.

Бізде ше? Ерлі-зайыптының бірі сотқа арыз беріп, сот процесіне екі тараптың бірі 3 мәрте келмесе, олар ажырасқан болып есептеледі. Ажырасу төлемінің құны 800 теңгені ғана құрайды. Құдды, «жастар, ажыраса беріндер!» дейтіндей талап-міндет...

Шетелдің кейбір елдерінде ажырасудың соттасу құны тым қымбат. Мәселен, Англияда округтік апелляциялық сотына теңгеге шаққанда 68460 теңге төлейсіз. Жоғарғы сотта 117360 теңге бересіз. Франция мен Германияда – 15000, Ресейде 10000 теңгені құрайды.

P.S: Біз ажырасудың себеп-салдарын талдап, залалы мен зардабын зерделедік. Статистиканы сөйлетіп, әлем елдерінің тәжірибесін сөз еттік. Сөйтіп, ұлт болып, елдігіміздің еңсесін көтеру жолында ажырасуды азайту жолдарын келтірдік. Біздікі – ұсыну! Басшылардыкі – ел болудың жайын ойлап, шешім шығару...

Қоғам дамуының қазіргі жағдайында ұлттық төл мәдениет – рухани қалыптасудың негізгі көзі екені анықталған жайт. Осыған орай рухани мәдениеттен таралатын салалардың бір бағыты ғылым тілін «қазақыландыру» бағытының да негізгі ұстанымы – осы. Қазақ ғылым тілінің 70-80 пайызын құрайтын халықаралық стандарттағы, интернационалдық терминдердің қазақша баламаларын жасауға бетбұрысты, терминдерді «қазақыландыру» үрдісін – солақай немесе пуристтік бағыт, әлемдік өркениеттен алшақтау, ұлттық жырақтау деп сипаттау заманы өткен. Бұл – қоғам мен тіл арасындағы байланыстан, ұлттық сананың жаңа сапада жаңғырып, танымдық негіздерімен сабақтасуына мән беруден туындайтын ғаламдасуға бір бөлшек болып енетін дамудың заңды құбылысы.


Терминдердің құрылымдық компоненттердің табиғилығы үшін сөздің ішкі мазмұны тірек етілгенімен, терминдік дефиницияға сөздің ішкі мазмұны, семантикалық құрылымы, ұғымдық көлемі толық сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан аталған тенденция барысында аталымдар варианттылығының, емделік ала-құралықтардың, тіл нормасынан ауытқушылардың, тілді пайдаланушылар тарапынан ұсыныстардың, сыни пікірлердің айтылуы – даму үрдісіндегі заңды құбылыс. Мысалы, қазір жарыса қолданылып жүрген отбасы, жаңа, үйелмен т.б. баламаларын қараңыз. Төл сөздің ішкі мазмұнын тірек ету үшін интернационалдық терминдердің сыртқы құрылымы, дефинициясы қазақшалады, терминнің семантикасына балама іздестіріледі.

Бұл мәселеге ғылыми қисын, ұлттық мүдде тұрғысынан қарар болсақ, ең маңыздысы терминді қазақшалау, қазақшаламауда емес. Терминнің шартты белгілерден айырмасы – оның ұлттық танымға жақындығы, уәжділігі мен түсініктілігі, қызмет әлеуеті т.б. негізінде тілдің бұзылмай жаңаша дамуы.

Міне, кезінде А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы термин жасау ұстанымының да негізгі арқауы – осы. Себебі ұлттық термин қалыптастырудағы ең негізгі талаптар: ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу. Олай болса, қоғамдағы ғылыми қатынас құралы ретінде жаңа күрделі ойды жеткізетін терминдер де сөздер секілді халықтың ақыл-ойын, адамдық рухын, ғылыми көксиегін, білім асын жаңа сапада өсіру мұратын есте тұтады. Ол үшін термин маманға ғана таныс жасанды таңбалардан ғана жасалмай, терминжасамда халықтың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту да ескерілгені жөн. Осымен байланысты оны тіл табиғатын анықтауға негіз ретіндегі когнитивтік лингвистика тұрғысынан дәлелдеудің мәні ерекше. Осы жаңа ғылыми бағыттар (мысалы, психолингвистика) тұрғысынан саралап қарасақ, осы қисынға сәйкес терминжасам А.Байтұрсынұлы

қанағаттандыруға қажет етеді. Оның негізінде анықталатын терминжасамның тілдік тетіктері осы саладағы субъективті факторды (яғни, «меніңше, мынау дұрыс» деген сияқты) жоққа шығарып, объективті сипат бермек. Бұл арада танымдық көрсеткіштердің ұлттық ерекшеліктерінің де (шешендік, бейнелілік т.б.) мәні ерекше.

ТЕРМИН ЖАСАУДА ҚАНДАЙ ҚАҒИДАТ ҰСТАНДЫ?



сынан, ана тілінің табиғатына сай жасауға ұмтылыстарынан басталғанын байқаймыз. Біраз жылдар бойы сол үрдіс үзіліп қалса, қазіргі қоғамдық сана деңгейі мен қоғамдағы тіл мәртебесіне сәйкес ол қайта жаңғыруда.

Терминжасамның когнитивтік негізі, біріншіден, фондық мәліметтерге, яғни тіл туралы білім аясына тәуелділігі түрінде көрінеді. Себебі тіл – адамның сөйлеу, оны қабылдау кезіндегі когнитивтік жүйесінің көрінісі. Адамның өзі қолданбайтын, бұрын естіген сөздерді түсініп, не шамалай біліп жататындығы да тілдік санаға әсер ету, оны қалыптастыру жайының сырт көзге байқалмағанымен, терең танымдық деңгейлерде жаңғыруынан. Әсіресе, сөз жасау, сөз тудыру құбылыстарында тіл мен адам ойының, адам санасына айрықша әсер етіп, қабылдана алады. Біздің санамыз жаңа затты қабылдау кезінде оның мән-мағынасын анықтайды да, оны өзіне ұқсас әсерлер қатарына орналастырады. Осы себепті атау жасау ісі ассоциативтік-когнитивтік құрылымда, психолингвистикалық тұрғыдан танылады.

Қайта қолдану адамның жалпы және әрбір сәттегі ойлау, сезіну қалыбымен жаңа қырынан көріп, жаңаша бағалауға мүмкіндік береді.

Шындығында, ұғымның басты белгілерін анықтауда адам ойының, таным деңгейінің рөлі ерекше екенін қазіргі когнитивтік лингвистика дәлелдеді. Бұл арада атаудың прагматикалық мақсаты ғана негізге алынуы жеткіліксіз. Қоршаған орта құбылыстары көрінісінің адам ойы мен таным жүйесінде зерделенуі – ой мен тілдің анықтауыштық, құрауыштық функцияларын құрайды.

Когнитология теориясы бойынша атау жасауда қабылдау, еске түсіріп, қайта қолдану адамның жалпы және әрбір сәттегі ойлау, сезіну қалыбымен, ауқыммен байланыстылығын негіздейді. Осымен байланысты когнитология жеке адамның және ұлттық ойлаудың сипатын көрсетеді. Жеке адамның ойлау қабілеті, ой ісінің өнімділігі оның тілдік білігіне тәуелді болса, ұлттық ойлау ұлттық тіл негізінде жүзеге асып, соның мүмкіндігімен анықталады. Мысалы, А. Байтұрсынұлы қалыптастырған жүздеген терминдер белгілі. Ал солардың қалып көшілікке етене жақын болып кетуін, табиғатының феноменін, біздіңше, осы танымдық негізде түсіндіруге болады. Басқаша айтқанда, қазіргі қазақ тілі білімінде де қалыптасып,

қанат жайып келе жатқан «тіл мен ұлт біртұтас» деген қисынға сәйкес тіл табиғатын зерттеуді сол тілде сөйлеушінің танымнан тыс қарамайтын үрдіс теориялық-әдістемелік негіз ретінде терминжасам теориясына да қолдануды қажет етеді.

Соның негізінде анықталатын терминжасамның тілдік тетіктері осы саладағы субъективті факторды (яғни, «меніңше, мынау дұрыс» деген сияқты) жоққа шығарып, объективті сипат бермек. Бұл арада танымдық көрсеткіштердің ұлттық ерекшеліктерінің де (шешендік, бейнелілік т.б.) мәні ерекше.

Осымен байланысты бір ғана мысал келтірсек те жеткілікті. Мысалы, А. Байтұрсынұлы қалыптастырған көсемше термині. Көсем сөзінің қазақ танымдағы мәні белгілі. Ал оны лингвистикалық, грамматикалық қызметіне сай мәндік сабақтастығы, дәлдігі дау тудырмайды.

Демек, мағыналық дамудың нәтижесінде терминденген сөздердің табиғатын талқылау және қабылдау танымға қатысты кейбір маңызды мәселелерге тоқталуды қажет етеді. Осымен байланысты лингвистиканың тілде атау не термин қалыптастырудағы психолингвистикалық, философиялық, әлеуметтік, логикалық қырларының бір сабақтастықта зерттеудің маңыздылығы ерекше.

XX ғасырда ғылым тілін дамытуда термин жасаудың көптеген қағидадары жасалды. Термин жасаудың қағидадарын белгілеу, әрине, А.Байтұрсынұлынан басталды.

1924 жылдың маусым айында Орынбор қаласында «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» қазақ зиялылары терминологияны қалыптастырудың қағидадарын белгілеуді күн тәртібіне қойды. Терминологияның қағидадары туралы баяндаманы Елдес Омаров жасады. Терминологиялық, қазақ терминологиясының жасаудың алғашқы ғылыми қағидадарын ұсынған болатын. Ол қағидадар: термин ретінде ұғым мағынасын беретін қазақ сөздерін алу, егер ол тілімізде болмаған жағдайда туыстас тілдерден алу, әлемдік терминдерді тіліміздің табиғатына сәйкес өзгерту, қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін

Осы съезден кейін 1926 жылы Бакуде өткен «Түрікшілердің бірінші құрылтайында» А.Байтұрсынұлы қазақ терминологиясын жасаудың алғашқы ғылыми қағидадарын ұсынған болатын. Ол қағидадар: термин ретінде ұғым мағынасын беретін қазақ сөздерін алу, егер ол тілімізде болмаған жағдайда туыстас тілдерден алу, әлемдік терминдерді тіліміздің табиғатына сәйкес өзгерту, қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін

барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек.

Профессор А.Б.Салқынбай: А.Байтұрсынұлы жасаған термин-сөздердің басты ерекшеліктері ретінде анықталатын ұғымның дәлдігін, таңбаланған атаудың қазақилығын, терминсөздің терімсөздің мазмұндық уәжділігін көрсетеді.

«А.Байтұрсынұлы – қазақ тілі білімінің, әдебиетінің, әдістеме, тарих және этнография, мәдениетке қатысты терминдердің ғылыми жүйесін жасаған ғалым. Қазақтың ғылыми терминологиясының негізін қалаушы ғана емес, ол «терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет пайдаланған ғалым».

А.Байтұрсынұлының термин шығармашылығы туралы белгілі ғалымдар Р.Сыздық, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы, Ш.Жалмахановтар өз еңбектерінде молынан сөз етті.

А.Байтұрсынұлы орыс тіліндегі терминдердің қасиеттерін жақсы білумен қатар, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, термин жасаған. Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш т.б. терминдердің қазақ тілі терминологиялық лексикасының қатарын толықтырып, мықты орныққаны, бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып келе жатқаны, сонымен қатар

“

Терминнің шартты белгілерден айырмасы – оның ұлттық танымға жақындығы, уәжділігі мен түсініктілігі, қызмет әлеуеті т.б. негізінде тілдің бұзылмай жаңаша дамуы. Міне, кезінде А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы термин жасау ұстанымының да негізгі арқауы – осы. Себебі ұлттық термин қалыптастырудағы ең негізгі талаптар: ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу

әбден қалыптасқаны сондай, сәтті жасалған терминдер деуге толық негіз бар. Термин зерттеушісі С.Исақованың зерделеуінше: «1920-30 жылдары алаш зиялыларының жасаған терминдерінің өміршеңдігі – олардың ұғым мен атау арасындағы байланысты терең түсінгенін терминге атау беру үшін зерттеуді ұғымнан бастағандарында жатса керек. Яғни олар лексикология, терминология, концептологияның айналысатын сұрақтарын жан-жақты зерттеген, содан барып термин жасаумен айналысқан деп айтуға толық негіз бар». Шындығында, сол кезең зиялылары қазақ ғылымын дамыту үшін жекелей ғылым салаларын өзара бөлісіп, олардың ғылыми стилін қалыптастырып, терминдерін қазақи түрде қолданысқа енгізген.

Мысалы, Х.Досмұхамедұлы – психология, физиология, медицина, анатомия ғылымдарын жетік меңгерген, осынау ғылым салалары үшін терминдік атаулардың маңызын жақсы түсінген. Мүмкіндігінше, біраз терминдерін ұлттық тілде жасаған. Х.Досмұхамедұлының «Адамның тән тірлігі» (1927) атты оқу құралында орысша-қазақша атаулар сөздігі берілген. Осыған қарап, ғалым сөздік түзу мәселесімен де айналысқан. Ғалымның терминжасаушылығынан жаңа атауларды көптеп кездестіреміз. Жүйке жүйесі (нервная система), жүйке түйіні нервный узел), жүйке тұтқасы (нервный центр), қозғалыш жүйке (двигательный нерв), қозғалыс (возбуждение), сезім жүйке (чувствительный нерв) т.б.

Ж.Аймауытұлы психологиялық атауларды, өсімдіктану атауларын, Е.Омарұлы пішіндеме (геометрия) атауларын, С.Қожанұлы есептану терминдерін, А.Қоңқашпайұлы география атауларын, М.Жұмбабаев педагогика саласының терминдерін жасаған.

Қазақ терминологиясының 30 жылдардағы дамуы Қ.Жұбановтың есімімен байланысты. 1933 жылы Мемлекеттік терминологиялық комиссияның төрағасы болып сайланды. 1935 жылы Қ.Жұбанов ұсынған 10 принцип қабылданғаннан кейін А.Байтұрсынұлының терминжасау қағидадары басшылыққа алынбады, осының салдарынан ғылым мен техниканың әртүрлі салаларындағы терминдердің 70-80% кірме терминдерді құрап, қазақ тілі толық дәрежедегі ғылым тілі бола алмай келеді. А.Байтұрсынұлының өз сөзімен айтар болсақ, «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағаннанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйінін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамды табылса, тіл шама қадарынша жарайды».

Демек, тілді орныммен жұмсай білетін адам табылса, барлық ұғымды атау үшін сөздің табылатындығын айтқан. Бүгінде қазақ тіліндегі орыс тілі негізінде енген халықаралық терминдер қазақшаланып, ұлттық тіл байлығы пайдаланылып келеді деуімізге болады.

Термин жайлы сөз қозғалған кез келген қазақ ғылымына үлес қосып жүрген ғалымды алсаңыз, А.Байтұрсынұлы қағидадарынан аттап өте алмаған. Себебі қазақ терминологиясын қалыптастырушы, жасаушы ұлт азаматтары ұлттық тіліміздің мәртебесінің қашанда биік тұрғанын қалаған, сондықтан қазақтың өз сөздерінің әлеуетін жоғары ұстауды мақсат тұтады.

Қазақ тілін талдап-тануда А.Байтұрсынұлының еңбегін жаңа бір қырынан талдап, екшелеген ғалым Р.Сыздық энциклопедист-ғалымның термин жасау

шеберлігін ерекше атап өтеді. Терминологияның атасы қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынған. Ғалымның пікірінше, бұл терминдердің сәтті жасалғандығын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді. А.Байтұрсынұлы қазақ ғылымының терминологиясына қатты назар аударған. Оның термин жасаудағы ұмтылыстарынан байқайтынмыз – ұлттық тілдің мүмкіншіліктерін молынан пайдалану болғандығын көреміз.

Сонымен қатар ғалымның тек қазақ тілінің сөздерін ғана емес, кейбір халықаралық терминдерді де орынды пайдалану қажеттігін ескертетінін 1912 жылы «Айқап» басшылығының беттеріндегі грамматика, фонетика, морфология секілді терминдерді қолданғанынан байқауға болатынын айта кеткен жөн. Демек, тек қазақ сөздерін ғана емес, халықаралық терминдерден де бас тартпайды. А.Байтұрсынұлының бұл көзқарасы ғылым дамуының барлық кезеңдерінде де негізгі ұстаным болған. Бұл ұстанымды Қ.Жұбанов та, кейінгі жаңа тіл білімінің зерттеушілері де қолдаған, негізгі бағыт-бағдар етіп ұстанған.

Р.Сыздық кейбір ахметтанушылардың термин мәселесіне келгенде өздері бірінші рет сөз қозғалып отырғандай жазатындарына қатты ренжітіндігін де айтқан: «Тіпті одан әріректегі шындыққа баратын болсақ, «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық тіл білімінің негізін қалаушы» деп, ол ақталмай тұрып 1970 жылдарындағы Тіл білімі институтының ғылыми конференциясында айтқан пікіріміздің бір дәлелі ретінде қазақ тілі білімінің Ахан қаламынан туған қыруар терминдерді атаған болатынбыз. Өкінішке қарай, Аханның терминология саласындағы қызмет жайында қалам тартып жүргендердің көбі бірінші рет өздері баяндап отырғандай, алғашқы айтылған пікірлерді ешбір атаусыз өте шығады, әрине, қазақ тілінің ең қажет, негізгі-негізгі, әсіресе, мектеп оқулықтарындағы күні бүгінге дейінгі қолданылып келе жатқан терминдердің Байтұрсынұлының екендігін тұңғыш таныған бәз еместің. Бұл жайт оның «халық жауы» саналып жүрген күннің өзінде-ақ баршамызға, әсіресе, ілгері, орта буын тіл мамандарына белгілі болатын. Сондықтан дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома көрініп, аталған соң ресми түрде ең алғашқы айтылып-жазылған нәрсенің мәні оншалық көрінбеген болар. Әрине, өкпе-реніш жоқ, әйтеуір, шындық айтылса болар. Бірақ ғылым шындықпен қатар әділдікті керек етеді ғой».

А.Байтұрсынұлының терминология саласындағы еңбегін азды-көпті арнайы не жол-жолдай сөз еткендердің барлығы да оның термин жасауда қазақ тілінің өз қазынасына иек артқанын баяндап, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедовтер «терминдерге шеттілдік сөздерді алмау, қазақ сөздерінің пайдалану принципін ұстады деген пікірді айтады. «Бірақ термин жасауға алатын негіздерді фактілермен көрсетіп, яғни термин жасауда мәселенің құрылымдық, тілдік және ұғымдық-семантикалық деген екі жағы болатындығын ескермейді. Көбінесе алғашқысында – терминнің тілдік тегіне (шеттілдік сөз бе, қазақ тілінің сөзі ме деген сияқты) және жасалу құралдарын көрсетуге (жұрнақтар мен мағына ауыстыру амалдарын атау сияқты) көңіл аударылып келеді. Ал терминдер дүниесін түзудегі ұғымдық-семантикалық негіздері анық, айқын түрде айтылмай жүр».

Айдана МАХАМБЕТ, гуманитарлық ғылымдар магистрі



СОҒЫС ПЕН САНКЦИЯ САЛҚЫНЫ

Ресейдің Украинада «әскери операция» бастағанына міне түп-тура 6 ай толды. 10 миллиард жуық украиналықты босқынға айналдырған бұл соғыстың зардабын тек Украина мен Ресей халқы ғана тартып қалған жоқ, бүкіл әлемге ызғары білініп, онсыз да індеттен кейін салданып қалған әлемдік экономика тағы тығырыққа тірелді. Атап айтқанда, 6 айға созылған әрі қашан бітетіні белгісіз бұл жанжал әлемдік сауда-саттыққа, қаржы саласына, сондай-ақ халықаралық сауда айналымына үлкен ықпал жасады. Осыған байланысты биыл Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму ұйымы жаһандық экономикалық өсу көрсеткішін 3,6 пайыздан 2,6 пайызға дейін төмендетуге мәжбүр болды.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

РЕСЕЙ ЭНЕРГИЯНЫ ҚАРУ ЕТИП ОТЫР МА?

Соғыс Украина экономикасына 110 миллиард доллардан артық шығын (бұл көрсеткіш әлі де өседі) әкеліп қана қоймай, Ресейдің өзіне де үлкен соққы болып тиді. Батыс санкциясының сабауы жүнше түткен бұл елге салынған санкциялардың саны 10 мыңға жуықтап, әлемдегі экономикалық бұғау ең көп салынған мемлекетке айналды. Осыған байланысты үлкенді-кішілі 2000-ға жуық шетел кәсіпорны Ресей нарығынан кетіп, көрші елде жұмыссыздық асқынды, мемлекеттің басты экономикалық табысы саналатын энергия саудасынан түсетін түсім де азайды. Әсіресе, 45 пайыз мұнай мен 25 пайыз газды Ресейден алатын Еуроодақ елдері мен Ұлыбританияның Мәскеудің газы мен мұнайынан бас тарта бастауы Ресей экономикасына ауыр соққы болды. Халықаралық энергетика агенттігінің мәліметіне қарағанда, 2022 жылдың алғашқы жеті айында Ресей табиғи газының Еуропалық Одақ пен Ұлыбританияға экспорты 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 40 пайызға, 2017 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңмен салыстырғанда 50 пайызға төмендеген.

Мәскеу экспорт саудасында рубльмен есеп айыру тәсілін қолданып, өз ақшасының құнын сақтап қалуға тырысқанымен, бұл шара мұнай-газ экспортынан түсетін табыстың орнын толтыра алған жоқ. Керісінше, мұнай-газ экспортының қат-қабат тосқауылға ұшырап, сауда арналарының барған сайын азайыуына байланысты газ бен мұнайдың жарты бағамен Қытайға сатуға мәжбүр болды. Демек, «екі қарға таласса, бір қарғаға жем түседі» дегендей, Ресей мен Украина соғысып, Еуропа мен батыс сол үшін Ресеймен қырқысып жатқанда, екі ортада пайданы Қытай көрді.

Бұл арада, ең алдымен, бұл соғыс әлемдегі шикі мұнай өндірісіне әсер еткенін айта кеткен жөн. Өйткені Ресей әлемдегі үшінші ірі мұнай өндіруші ел, әлемдік мұнай өндірісінің 13 пайызын құрайды. Ресей Украинаға басып кіргеннен кейін шикі мұнайдың баррелінің бағасы 100 доллардан асып түсті. Батыс Ресейді санкцияның астына алып, мұнай экспортына шектеу қоя бастағанда,

Ресей де батыс елдері мен Еуропа елдерін іштен ірту үшін мұнай мен газды құрал ретінде пайдаланды. Атап айтқанда Еуропаға жеткізілетін газ бен мұнайды азайтып, осы арқылы Еуропа елдерін санкцияны алып тастауға мәжбүрлемек болды. Рубльмен есеп айырысудан бас тартқан елдерге газ жеткізуді түгел тоқтатып, түрлі жолдармен көрі құрлыққа жеткізілетін газды әдейі азайтты. Осының салдарынан Еуропа елдері үшін биыл қыс қырынан аман өтудің өзі үлкен мәселеге айналды. «Энергия үнемдеу», «көмір жағу» сияқты тәсілдердің де өнімі шамалы болып тұр. Егер Ресей санкцияларға жауап ретінде Еуропаға табиғи газды жеткізуді толығымен тоқтатса немесе Еуропа елдеріндегі энергетикалық компаниялар қыста жеткілікті табиғи газды сақтай алмаса жағдай тіпті қиындай түсуі мүмкін. Міне осыған байланысты Еуропа елдері арасында ішкі алауыздық та туа бастады. Мәселен, Венгрия Ресей газы мен мұнайынан бас тарту мәселесіне үзілді-кесілді қарсы шықса, бұл жоспарды қолдаған елдерде де халықтың наразылығы күшейе түсті. Мәселен, соғыс басталған кезде Германия халқының 65 пайызы Ресейге салынған санкцияларды қолдаса, қазір бұл көрсеткіш 58 пайызға төмендеген. Демек, Еуропа елдерінде қазір Украина халқына жалғасты қолдау көрсету керек пе, жоқ әлде өз халқының мүддесін ескеру керек пе деген екі үлкен таңдау тұр.

Жақында Германия басшысы Франк-Вальтер Штайнмайер Украина соғысына байланысты Еуропа елдерінде бөліну қаупі төніп тұрғанын ескертті және Еуропа елдерін қиындықтарға бірлікте қарсы тұрып, өзара ынтымақтауға шақырды. Британдық халықаралық қатынастар зерттеушісі Крис Доил Еуропаның «бөліну қаупін» нақты қауіп деп санайды, «егер соғыс ұзаққа созылса, онда энергетикалық мәселелерге байланысты алауыздық күшейеді, бұл, әрине, Путиннің мүддесі үшін пайдалы» дейді ол. Еуропалық Комиссияның төрағасы Урсула фон дер Ляйеннің «Мәскеу табиғи газды қаруға айналдырды» деп қайта-қайта Ресейді жазғыруының сыры міне осында.

АҚШ Еуропа елдерінің Ресей энергиясына тәуелділігін азайту үшін қосымша 15 миллиард текше метр сұйытылған табиғи газын Еуропаға жеткізгенімен, ол да Еуропа елдерін қиыншылықтан құтқара алған жоқ.

Есесіне табиғи газдың бағасы аспандап (16 пайызға қымбаттады), тапшылық туындай бастады. Мәселен, 2 тамызда бір күн ішінде газ бағасы 4 пайызға қымбаттап, 1000 текше метрінің бағасы 3000 доллардан асты. Бұл Еуропа үшін рекордтық көрсеткіш. Газдың қымбаттауына ілесіп, электр бағасы да өсті. Сондай-ақ бұл жағдай ақшаның құнсыздануына, зат бағасының шарықтауына да себеп болды. Экономистердің табиғи газ бағасының өсуіне байланысты Ұлыбританиядағы инфляция деңгейі келесі жылдың басында 18 пайызға жетеді деген болжам жасап отырғаны әне соның дәлелі.

АШТЫҚ ТА АЛҚЫМДАҒАЛЫ ТҰР

Ресей мен Украина әлемге астық экспорттайтын ірі елдер саналады. Яғни Ресей мен Украина дүниежүзіндегі бидай мен арпаның үштен бір бөлігін экспорттайды, сондай-ақ жүгері экспортында да екі ел де әлемнің алдыңғы қатарында. Украина құнбағсы майының 70%-дан астамын экспорттаумен танымал болса, Ресей тыңайтқыштарды өндіру бойынша әлем бойынша бірінші орында тұр.

Халықаралық астық кеңесі ұйымының дерегінше, кейінгі жылдары астық экспорты көлемі бойынша әлемде төртінші орында тұрған Украина шетелге астықтың 90 пайызын (ай сайын бес миллион тоннаға жуық) Қара теңіздегі порттарынан жөнелтіп келген. Соғыс бастағаннан кейін Ресей Қара теңіз жағалауындағы Украина-ның бірқатар портты қаласын басып алып, онысымен қоймай украин астығы саудасына бөгет жасады. Сонымен қатар, өздері басып алған жерлердегі астықты Ресейге тасып әкетті. Осының салдарынан әлемде астық дағдарысы туындап, Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы 41 елдегі 181 миллионға жуық адамның биыл азық-түлік дағдарысына немесе аштыққа ұшырауы мүмкін деген болжам жасады. «Бұл мәселе дер кезінде шешім таппаса, әлемді аштық жайлауы мүмкін» деп дабыл қаққан БҰҰ-ның Бас хатшысы Антониу Гутерриш Түркия басшысы Ердоғанмен селбесіп, Ресей және Украинамен бірнеше мәрте келіссөз өткізді. Соның нәтижесінде шілде айының соңында Украина астығын экспорттауға әзер жол ашылды. Дегенмен, Ресей Украинаның

бақылауындағы Одесса қаласын атқылайтын болса немесе басып алса, әуіріммен әзер ашылған бұл жол да қайта жабылып қалуы әбден мүмкін.

Екінші тұрғыдан алғанда, биыл Украинаның астық өндірісі көлемі де айтарлықтай азайды. Ер азаматтың көбі соғысқа аттанып, көптеген егіс алқаптарына дән себілмеді, дақыл егілген кейбір алқаптарға өрт кетіп, күлге айналды. Соғыс басталғаннан кейін Ресей астық экспорты да тосқауылға ұшырады. Батыс БАҚ-тарының дерегінше биыл Ресейдің астық экспорты 27 пайыз қысқарған. Мәскеудің мәлімдеуінше, Батыстың банк ісіне және кеме қатынасына салған санкциялары Ресейдің

азық-түлік пен тыңайтқыш экспорттау мүмкіндігін тежеп отыр. Сондықтан РФ астықты әлемдік нарыққа шығару үшін санкцияларды алып тастауды талап етуде.

Мұнан сырт, Украина соғысынан кейін әлемде хакерлік шабуылдар күшейді, әлемдік қор нарығы күрт құлдырады, жаһандық тасымал саласы да үлкен соққыға ұшырады. Әлемдік автомобиль өнеркәсібіне де ықпал жасап, нарықта көлік қымбаттады. Жартылай өткізгіш пен чип өнімдерінің жетіспеушілігін тудырды.

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАНДАЙ ӘСЕРІ БАР?

«Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан көресін» дегендей, соғыстың зардабын бүкіл әлем тартып жатқанда, Ресеймен бір экномикалық одақтағы біздің елге де оңай соққан жоқ. Оның үстіне біздің импорт саудамамыздың 45 пайызы Ресейге тәуелді. 2021 жылы Қазақстан мен РФ арасындағы тауарайналым 24,2 млрд долларды құраған. Шетелге экспортталатын мұнайымыздың да басым көп бөлігі Ресей арқылы (Ресейдің бақылауымен десек те болады) тасымалданады. Сосын да әлем Ресей мұнайына бұғау салғанда, Ресей Каспий мұнай құбыры желісін 6 ай ішінде 4-5 рет жауып тастап, еліміздің мұнайдан түсетін экономикалық табысына аса зор ықпал жасады. Бір кедендік одақта болғандықтан, зат бағасы шарықтап, тек азық-түліктің өзі 19 пайыз қымбаттады. Сонымен қатар Ресейден Қазақстанға келушілер көбейіп (үш айда 570 мың адам келген), еліміздегі жұмыссыздық көрсеткішін арттырды.

Қазір мамандар Ресейдегі жағдай мен Украина соғысының салқыны Қазақстанның көмір өндірісі мен бидай экспортына да әсерін тигізуі мүмкін деген болжам жасап отыр. Өйткені еліміздің экспортқа кеткен көмірдің 65%-і Ресейдің жылу электр станцияларына, 29%-і Еуропа елдеріне және 6%-і Орталық Азия елдеріне жөнелтілді. Салынған санкцияларға байланысты көптеген елдер Ресей көмірін сатып алудан бас тартып жатыр. Ресми дерекке қарағанда санкцияға дейін Ресей шетелге 8 миллиард еуроға көмір сатып келген. Оның 22 пайызға жуығы Еуроодаққа жеткізілген. Енді міне Еуроодақтың Ресей көміріне салынған шектеуі 1 тамыздан бастап күшіне енді. Демек, өз көмірін сата алмай жатқан Ресей биыл Қазақстаннан көмір сатып алуы екіталай. Есесіне Қытайға сатылатын бидай мен көмірдің мөлшерін көбейтуі мүмкін. Осының салдарынан Қазақстан көмірі мен бидай экспорты үлкен соққыға ұшырауы ықтимал. Ал ел іші нарығында көмір мен бидай бағасы арзандауы мүмкін. Бұл халыққа пайдалы, өндірушілерге зиян әрине.

ҚҰТЛЫҚ ЕЛТЕРІС ҚАҒАННЫҢ КЕШЕНІ ТАБЫЛДЫ

Ханғай жотасында, Өтүкен аймағында керемет жаңалық ашылды.



Халықаралық Түркі академиясы мен Моңғолия Ғылым академиясы археология институтының біріккен ғылыми археологиялық экспедициясы Номғон алқабында Құлтегін мен Білге қағанның әкесі, Түрік қағандығын қайта дәуірлеткен ұлы Құлтық Елтеріс қағанның кешенін тапты. Бітіктаста түрк және соғды жазуымен жазылған мәтіндер бар.

Кешеннің жалпы аумағы – 49x41,5 м. Батыстан шығысқа қарай сопақша болып созыла

орналасқан кешенді айналдыра қоршап ор қазып, одан шыққан топырақты үйіп қамал жасаған. Нысанның батыс жағының ортасында ойығы бар текше тас (алтарь), адамның тас мүсіндері, қасында екі күшігі бар арыстан және екі қой мүсіні орналасқан. Кешенің бітіктаста түрк және соғды жазуымен жазылған мәтіндер бар.

Кешеннің жалпы аумағы – 49x41,5 м. Батыстан шығысқа қарай сопақша болып созыла

ҮШ МЫҢ ЖҰМЫСШЫНЫ ҚЫСҚАРТАДЫ

Әйгілі «Форд Мотор» компаниясы 3 мың жұмысшысын қысқартады. Бұл компанияның шығынды қысқарту стратегиясы негізінде қолға алынған. Мақсат – электромобильдерді шығару бойынша «Тесла» компаниясын қуып жету.



Қысқартуға АҚШ, Канада және Үндістандағы 2 мың қызметкер мен 1 мыңға жуық жалдамалы жұмысшы ілігеді. 2 жыл бұрын бас директор болып Билл Фарли

тағайындалғаннан кейін компанияны ауқымды жаңарту бағдарламасы қабылданды. 2026 жылға таман шығынды 3 миллиард долларға дейін азайту көзделген.

КИИМ МЕН ҚАҒАЗ ҚЫМБАТТАЙДЫ

Жер бетін жайлаған құрғақшылықтан әлемде мақта бағасы қымбаттап барады. Өйткені судың құрғақшылықтан мақта алқаптары қараусыз қалып жатыр. Мәселен, биыл дүниежүзі бойынша 5 миллиондай гектар жерге шиті егілсе, соның тек жартысынан ғана өнім алынған.



Қазір мақта өндіруден көш-басшы саналатын Үндістанның өзі мақта импорттауға мәжбүр. Дәл осындай қиындық АҚШ пен Бразилияда да

байқалады. Bloomberg агенттігінің жазуынша, мұндай жағдай әлем бойынша киім мен қағаздың қымбаттауына әкеледі.

№100 (4378) 25/08/2022 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

29 ТАМЫЗ



6:00 Әнұран
6:05 «Киелі Qazaqstan»
6:25 «Күй-керуен»
6:55 «Достығымыз жарасқан». Концерт
9:00 «Музбалақ». Мультфильм
10:00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая
12:00 «Сағындырған әндер-ай»
14:30 «Менің атым Қожа». Көркем фильм



5:00 «КІМ МЫҚТЫ?» ТУСАУКЕСЕРІ ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ
7:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «СЕЗОН ДОЖДЕЙ»
12:00 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ. «МЕКТЕП САЛУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ»
12:10 ТЕЛЕХИКАЯ. «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 3»
13:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КӨЗІМДІ ЖҰМСАМ ДА...»



06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы



6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:15 «ТАМАДА BATTLE» бағдарламасы
8:40 «МЕКТЕП САЛУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ».



07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
08.20 «АҚ МАМА», реали-шоу
09.25 «В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО»



06:00 Әзіл студия
06:30 Ризамын
07:00 Мультсериал «Лекс и Плу»
07:30 «31 әзіл»
08:50 Анимационный фильм «Астерикс против Цезаря»
10:30 Тұсаукесер! «Қайсар» телехикаясы



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Жаңа қоныс»
09:00 Х/с «Женский доктор»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТИСТЕР» (каз.)
08.45 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Күлкі базар» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

30 ТАМЫЗ



6:00 Әнұран
6:05 «Киелі Qazaqstan»
6:25 «Томирис». Көркем фильм
9:10 «Ата заң – алтын тұғыр». Мерекелік концерт
10:00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ»

5:00 «КІМ МЫҚТЫ?»
7:00 «ОЯН!»
10:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «СЕЗОН ДОЖДЕЙ»
12:00 «ИЗМЕНЕНИЯ В КОНСТИТУЦИЮ: ПУТЬ К ДЕМОКРАТИЗАЦИИ»



06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кеш келген махаббат»
11:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы



06:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:15 «ТАМАДА BATTLE» бағдарламасы
8:40 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»



07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
07.25 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
09.25 «ИСПЫТАНИЕ-2», мелодрама



06:00 Әзіл студия
06:30 Ризамын
07:00 Мультсериал «Лекс и Плу»
07:30 «31 әзіл»
08:50 «Астерикс в Британии»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Паленшеевтер»
09:00 Х/с «Женский доктор»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТИСТЕР» (каз.)
08.45 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Күлкі базар» (каз.)

СӘРСЕНБІ

31 ТАМЫЗ



6:00 Әнұран
6:05 «Киелі Qazaqstan».
6:25 «Күміс көмей».
7:00 «ТАНШОЛПАН».
10:00 АҚРАРАТ



5:00 «КІМ МЫҚТЫ?»
7:00 ТУСАУКЕСЕРІ ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «СЕЗОН ДОЖДЕЙ»
12:00 ЖАҢАЛЫҚТАР



06:00 «Үздік әзілдер»
06:10 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:10 «Маша и медведь» М/ф

17:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
17:40 «Кішкентай келін» телехикая
19:20 «Ескітер 2» телехикаясы
20:00 «Astana times»
21:00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы




6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «P@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАН, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОРБЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»



07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
07.25 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
09.25 «ИСПЫТАНИЕ-2», мелодрама



06:00 Әзіл студия
06:30 Ризамын
07:00 Мультсериал «Лекс и Плу»
07:30 «31 әзіл»
08:30 Индийский сериал «Ханшайым»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Паленшеевтер»
09:00 Х/с «Женский доктор»

15:40 Т/с «Гадалка»
16:10 Х/с «Полицейский с Рублевки»
17:20 Х/с «Женский доктор»
19:30 Х/с «Алабол»
22:00 Алараспан
00:10 Х/с «Полицейский с Рублевки»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТИСТЕР» (каз.)
08.45 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Күлкі базар» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

1 ҚЫРКҮЙЕК



6:00 Әнұран
6:05 «Киелі Qazaqstan».
6:25 АҚРАРАТ
7:00 «ТАНШОЛПАН».
10:00 АҚРАРАТ



5:00 «Кім мықты?»
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10:00 Желсілік «Такая, как все»
10:00 Телесериал «Паленшеевтер 3»



06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кеш келген махаббат»
11:00 «ЕНЕ» үнді телехикаясы

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ


ЖАҢАРҒАН ҒИМАРАТ

Бұл суретте – Целиноград қаласындағы бұрынғы Ленин даңғылы (қазіргі Абай даңғылы) мен Октябрь көшесі (қазіргі М.Әуезов көшесі) қиылысында орналасқан бас почтамат ғимараты.



Суретті түсірген Нұржанымат Ғимаев

Сурет 1966 жылы түсірілген. «Ол кезде мен он жеті жасар бозбала едім. Хағ-хабар алу үшін орталық почтаматқа жиі баратынмын. Осы жерден өзімізге керекті газет-журналды да сатып алатынмын» деп еске алады байырғы қала тұрғыны, бүгінде зейнеткер Нұрсат Гарифуллин. Бүгінде бұл ғимарат әлі сол күйінде қаламыз орталық почтамат ретінде сақталған. Тек іші де, сырты да заман талабына сай жөнделіп, жетілдірілген.



7

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
13:00 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы.
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «НАВОДЧИЦА»
0:50 «ЗОЛОТАЯ ОРДА»
2:20 «ФУТЕРЦЕВА. ЛЕГЕНДА О ЕКАТЕРИНЕ».
3:45 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:55 «KÖREMİZ» бағдарламасы
5:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

KKK

07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
07.25 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
09.25 «ИСПЫТАНИЕ-2», мелодрама
10.20 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ»
12.30 «ПОДРАЖАТЕЛЬ»
14.40 «КӨРІПКЕЛ»
15.50 «ӨКІНІШ», өзбек телехикаясы.
17.30 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ», мелодрама.
23.40 «ПОДРАЖАТЕЛЬ»
01.30 «ЧУМА»
02.15 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ»
03.15 «КӨРІПКЕЛ» (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

31

06:00 Әзіл студия
06:30 Ризамын
07:00 Мультсериал «Лекс и Плу»
07:30 Информбюро (повтор)
08:30 Индийский сериал «Ханшайым»
09:30 «Зейнеп» түрік телехикаясы (повтор)
10:30 Тұсаукесер! «Қайсар» телехикаясы
12:00 Т/сериял «СеняФедя»
12:25 «Менің небиғем және менің» (повтор)
14:30 «Случайный шпигон» (повтор)
17:00 КИНО. «Годзилла» (повтор)
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Ананонда»
00:00 Индийский сериал «Ханшайым»
01:00 «31 әзіл»
02:00 What's up
02:20 Сериал «Базарбаевтар»
03:00 Әзіл студия
03:40 1001 Әзіл
04:00 BALA BATTLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Паленшеевтер»
09:00 Х/с «Женский доктор»
11:10 Х/с «Балабол»
13:20 Т/х «Паленшеевтер» Тұсаукесер!
14:40 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
15:20 Х/с «Полицейский с Рублевки»
16:30 Х/с «Женский доктор»
18:30 Аibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 Х/с «Балабол»
22:00 Алдараспан
00:10 Х/с «Полицейский с Рублевки»
01:10 Т/с «Гадалка»
01:50 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
02:50 Jaidarman
03:50 Айна-online
04:30 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

HTK

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТИСТЕР» (каз.)
08.45 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Күлкі базар» (каз.)
09.05 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «ДРАКОНЫ: ГОНКИ ПО КРАЮ» (мультсериал)
10.25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Китай)
12.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
12.30 «БЫСТРЕЕ ПЛИ!» (боевик, Дуэйн Джонсон)
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

HTK

07.00 «РАЗМИНКА» (каз/рус)
07.15 «БҮЛДІР-КҮЛДІР» (каз.)
08.00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТИСТЕР» (каз.)
08.45 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Күлкі базар» (каз.)
09.05 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «ДРАКОНЫ: ГОНКИ ПО КРАЮ» (мультсериал)
10.25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Китай)
12.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
12.30 «БЫСТРЕЕ ПЛИ!» (боевик, Дуэйн Джонсон)
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

2 ҚЫРКҮЙЕК

QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
6:05 «Киелі Qazaqstan».
6:25 AQPAPAT
7:00 «TANSHOLPAN».
10:00 AQPAPAT
10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12:00 «Сонғы аялдама». Телехикая.
13:00 AQPAPAT
13:10 «Сонғы аялдама». Телехикая.
14:10 «Қызық екен...»
15:10 «ТІРШІЛІК»
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая.
17:15 «САҚШЫ АРЫСТАН». Мультхикая.
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20:00 AQPAPAT
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ»
21:25 «Жүзден жүйрік»
22:25 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ».
1:15 «Ashyq alai».
2:05 «Теледәрігер»
2:50 «Тіршілік»
3:10 «Ауылдастар»
3:35 «Киелі Qazaqstan».

7

5:00 «Кім мықты?»
7:00 Тұсаукесер! Тикелей эфирде «Оян!»
10:00 Телесериал. «Такая, как все»
12:00 Жаңалықтар
12:10 Телехикая. «Паленшеевтер 3»
13:00 Новости
13:10 Телехикая. «Көзімді жұсам да...»
15:00 «Тарих. Тағдыр. Тулға»
16:00 Телесериал. «Такая, как все»
18:00 Мегахит. «Город банд»
20:00 «Копытынды жаңалықтар»
20:30 «Өмір жолы»
21:00 Итоги дня
21:30 Телехикая. «Көзімді жұсам да...»
23:30 Мегахит. «Город тайн»

ASTANA TV

06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кеш келген махаббат»
11:00 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
12:00 «Ішкар сезім» корей телехикаясы
13:40 «Я-женик!» Х/ф
16:15 «Отбасы» телехикаясы
17:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
17:40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19:25 «Ескітер 2» телехикаясы
20:00 «Astana times»
21:00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
ТҰСАУКЕСЕР!
21:55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
23:50 «Ішкар сезім» корей телехикаясы
01:30 «Астана кеш көңілі»
02:30 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы

7

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
13:00 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы.
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
21:55 «ПО СЛЕДУ ЗВЕРЯ»
3:00 «НОВОСТИ»
3:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:20 «KÖREMİZ» бағдарламасы
4:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:35 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
5:20 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

7

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
13:00 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы.
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
21:55 «ПО СЛЕДУ ЗВЕРЯ»
3:00 «НОВОСТИ»
3:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:20 «KÖREMİZ» бағдарламасы
4:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:35 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
5:20 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

KKK

07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
07.25 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
09.25 «ИСПЫТАНИЕ-2», мелодрама
10.20 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ»
12.30 «ПОДРАЖАТЕЛЬ»
14.40 «КӨРІПКЕЛ»
15.50 «ӨКІНІШ», өзбек телехикаясы.

31

06:00 Әзіл студия
06:30 Ризамын
07:00 Мультсериал «Лекс и Плу»
07:30 Информбюро (повтор)
08:30 Индийский сериал «Ханшайым»
09:30 «Зейнеп» түрік телехикаясы (повтор)
10:30 Тұсаукесер! «Қайсар» телехикаясы
12:00 Т/сериял «СеняФедя» (повтор)
12:30 Т/сериял «СеняФедя» (повтор)
13:00 «Ананонда» (повтор)
15:00 «Ананонда 2»
17:10 «Звездная пыль»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Клаустрофобия 2: лига выживших»
00:00 Индийский сериал «Ханшайым»
01:00 «31 әзіл»
02:00 Сериал «Базарбаевтар»
02:40 1001 Әзіл
03:00 Әзіл студия
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:00 Т/х «Паленшеевтер»
09:00 Х/с «Женский доктор»
11:10 Х/с «Балабол»
13:20 Т/х «Паленшеевтер» Тұсаукесер!
14:40 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
15:20 Х/с «Полицейский с Рублевки»
16:30 Х/с «Женский доктор»
18:30 Аibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 Х/ф «Мой шпион»
21:50 Шыңкент шоу 10 жыл
01:10 Х/с «Полицейский с Рублевки»
01:10 Т/с «Гадалка»
01:50 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
02:50 Jaidarman
03:50 Айна-online
04:30 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

HTK

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТИСТЕР» (каз.)
08.45 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Күлкі базар» (каз.)
09.05 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «ДРАКОНЫ: ГОНКИ ПО КРАЮ» (мультсериал)
10.25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Китай)
12.00 «СИЛЬНЕЕ» (драма, Джейк Джилленхол)
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
20.30 «ТРАНСФОРМЕРЫ: ТЁМНАЯ СТОРОНА ЛУНЫ» (фантастический боевик, Шайа ЛаБаф, Джош Дюамель)
23.30 «INSTA LIKE» (каз.)
00.00 «ЖЕЛЕЗНЫЙ КУЛАК» (боевик, Рассел Кроу, Люси Лью)
01.30 «Опмай, Опмай» (каз.)
02.10 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
02.00-05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

7

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
13:00 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы.
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
21:55 «ПО СЛЕДУ ЗВЕРЯ»
3:00 «НОВОСТИ»
3:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:20 «KÖREMİZ» бағдарламасы
4:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:35 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
5:20 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

31

06:00 Әзіл студия
06:30 Ризамын
07:00 Мультсериал «Лекс и Плу»
07:30 Информбюро (повтор)
08:30 Индийский сериал «Ханшайым»
09:30 «Зейнеп» түрік телехикаясы (повтор)
10:30 Тұсаукесер! «Қайсар» телехикаясы
12:00 Т/сериял «СеняФедя»
12:30 Т/сериял «СеняФедя» (повтор)
13:00 «Ананонда» (повтор)
15:00 «Ананонда 2»
17:10 «Звездная пыль»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Клаустрофобия 2: лига выживших»
00:00 Индийский сериал «Ханшайым»
01:00 «31 әзіл»
02:00 Сериал «Базарбаевтар»
02:40 1001 Әзіл
03:00 Әзіл студия
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

31

06:00 Әзіл студия
06:30 Ризамын
07:00 Мультсериал «Лекс и Плу»
07:30 Информбюро (повтор)
08:30 Индийский сериал «Ханшайым»
09:30 «Зейнеп» түрік телехикаясы (повтор)
10:30 Тұсаукесер! «Қайсар» телехикаясы
12:00 Т/сериял «СеняФедя»
12:30 Т/сериял «СеняФедя» (повтор)
13:00 «Ананонда» (повтор)
15:00 «Ананонда 2»
17:10 «Звездная пыль»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Клаустрофобия 2: лига выживших»
00:00 Индийский сериал «Ханшайым»
01:00 «31 әзіл»
02:00 Сериал «Базарбаевтар»
02:40 1001 Әзіл
03:00 Әзіл студия
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

7

2:25 «Зиннар».
3:10 «Ауылдастар».
3:35 «Киелі Qazaqstan».

5:00 «КІМ МЫҚТЫ?»
7:00 ТЕЛЕХИКАЯ МАРАФОНЫ.
«БАЛТАКӨЛДЕ БАҚЫТЫМ»
9:00 ТАРИХ. ТАҒДЫР. ТУЛҒА
10:00 «ӘН ӘЛЕМІ»
11:00 КИНО. «МЕНІҢ АТЫМ ҚОЖА»
12:45 ТЕЛЕХИКАЯ МАРАФОНЫ.
«ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 3»
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ТАКАЯ, КАК ВСЕ»
18:00 МЕГАХИТ. «ГОРОД ТАЙН»
20:00 СБОРНИК. «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР»
21:00 АҚПАРАТ АРНАСЫ «7 КҮН»
САРАПТАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
21:40 «НЕ ХАБАР». ТИКЕЛЕЙ ЭФИР
22:30 «АЙТЫЛМАҒАН БІР ӘНІМ БАР»

ASTANA TV

06:00 «Үздік әзілдер»
06:10 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:10 «Маша и медведь» М/ф
09:20 «Кеш келген махаббат»
11:20 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
12:00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
15:00 «Отбасы» телехикаясы
16:20 «Берекелі мереке 4 – Өнер Қырандары «SagarTimes»
21:00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
21:55 «Кеш келген махаббат»
23:50 «Аташка на хайне» Х/ф
01:40 «Астана кеш көңілі»
02:30 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы

7

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
8:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:10 «ЖАҢА ТЕХНИКА - ЖАҢА МҮМКІНДІК».
Деректі фильм
9:20 Фильм «РАЗРЕШИТЕ ТЕБЯ ПОЦЕЛОВАТЬ»
12:00 Премьера. Антон Батырев, Александра Ребенок в многосерийном фильме «ШВАБРА 2»
16:30 «БЕСТИЦ ШАЙЫ» бағдарламасының тұсаукесері. Тикелей эфир
18:30 «АЙНА» бағдарламасы. Тикелей эфир
19:30 Премьера. Дарья Хранцова, Полина Носихина в многосерийном фильме «РЕБЕНОК С ГАРАНТИЕЙ»
23:45 Ночной кинотеатр. «НА ЛУНЕ»
3:20 Премьера. «ПОЕХАЛИ!»
3:25 «П@УТИНА» бағдарламасы
4:10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

KKK

07.05 «УЛКЕН ҮЙ», отандық телехикая
07.40 «БІЗДІҢ КОНЦЕРТ»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реали-шоу
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.20 «ШАГ К СЧАСТЬЮ», дедиктивная мелодрама (повтор)
15.00 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ», өзбек телехикаясы.
18.00 «ОЗАТ ОТБАСЫ», ток-шоу
19.00 «ӘН МЕН ӘНШІ», ән-шоу
21.00 «НА КАЧЕЛЯХ СУДЬБЫ», мелодрама.
01.20 «ЧУМА», криминальная драма
02.45 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ»
03.45-04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ»

7

06:00 Әзіл студия
07:00 Татті шоу
08:00 «31 әзіл»
09:00 «Күліп ALL»
09:30 Готовим с Адель
10:00 КИНО. Риши Капур в мелодраме «Бобби»
13:40 КИНО. Джонни Месснер в боевике «Ананонда 2» (повтор)
15:50 КИНО. Нуртас Адамбай в комедии «Келинка Сабина»
18:20 КИНО. Колин Фаррелл в фэнтези «Дамбо»
20:40 КИНО. Роберт Дауни мл. в фантастическом боевике «Железный человек 3»
23:20 «Bizdin show» (повтор)
01:20 «31 әзіл»
02:00 What's up?
02:30 Тамаша live
03:30 Әзіл студия
04:00 1001 Әзіл
04:30 Ризамын
05:00 «31 әзіл»
05:30 What's up?

31

06:00 Әзіл студия
06:30 Шаншар
08:30 Т/п «Жұлдыздың жары»
09:00 Т/п «Измайловский парк»
12:00 Х/ф «Мальшка на миллион»
14:45 К/ф «Бауырым»
17:15 К/ф «Бауырым 2»
20:00 Т/х «Такциясы першеште»
21:00 Х/с «От любви до ненависти»
01:20 Т/п «Жұлдыздың жары»
01:50 Jaidarman
02:50 Т/х «Япырай»
04:00 Т/п «Тамаша»
05:30 Т/п «Қуырдақ»

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Jaidarman
08:30 Т/п «Жұлдыздың жары»
09:00 Т/п «Орбел и решка»
10:00 Х/с «Любовь без памяти»
14:20 Күмістан
17:20 Шоу «Удивительные люди»
21:00 Х/ф «Мальшка на миллион»
00:00 Х/ф «Эскобар»
02:00 Т/п «Жұлдыздың жары»
02:30 Jaidarman
04:30 Т/х «Япырай»
05:10 Т/п «Қуырдақ»

HTK

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.20 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
09.20 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу»
09.30 «БОСС. МОЛОКОСОС: СНОВА В ДЕЛЕ»
10.10 «ФАНТАСТИЧЕСКИЕ ТВАРИ: ПРЕСТУПЛЕНИЯ ГРИН-ДЕ-ВАЛЬДА»
13.40 «ЭЛВИН И БУРУНДУКИ 2»
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
20.00 «ҚЫЗЫҚ LIVE» (каз.)
21.00 «ЧЕЛОВЕК - ПАУК: ВДАЛИ ОТ ДОМА»
23.30 «АГЕНТ ЕВА»
01.30 «ТАВОО» (каз.)
02.20 «Опмай, Опмай» (каз.)
04.10-05.00 «Екі езу» (каз.)

4 ҚЫРКҮЙЕК

QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
6:05 «Киелі Qazaqstan»
6:30 AQPAPAT
7:00 «Күй керуен»
7:40 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8:30 «AQSAYYT»
8:55 «Көңіл толқыны»
9:30 «Тулға». Деректі фильм
10:00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12:00 «Бигфут отбасы». Мультфильм
13:20 «Ән мен әнші»
15:00 «Ахмет. Ұлт ұстазы». Телехикая.
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20:00 «АРТА»
20:50 «АБАЙЛАҢЫЗ, АЛАЯҚ!»
21:10 «Далам менің». «Дос мұқасан»
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
0:30 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
1:20 «Тулға».
1:50 «Aqsayyt».
2:10 «Теледәрігер»
2:55 «Дәуір даналары». Деректі фильм
3:40 «Әйел әлемі».
4:10 «Киелі Qazaqstan»

7

5:00 «Кім мықты?»
7:00 «Балтақөзде бақытым»
9:00 Концерт. «Айтылмаған бір әнім бар»
11:00 Кино. «Менің атым Қожа»
12:45 «Паленшеевтер 3»
16:00 Телесериал. «Поздний срок»
18:00 Сборник. «Паленшеевтер»
19:00 «Жеті қазына»
21:00 «7 күн»
21:40 «Интервью с Кривошеевым».
22:20 «Отдел журналистских расследований. Ближе к делу»
23:00 Мегахит. «Вальдо»

ASTANA TV

06:00 «Үздік әзілдер»
06:10 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:10 «Маша и медведь» М/ф
09:20 «Кеш келген махаббат»
11:20 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
12:00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
15:00 «Отбасы» телехикаясы
16:20 «Аташка на хайне» Х/ф
18:00 «Әзілші жарасан...» концерті
21:55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
23:50 «Кеш келген махаббат» Х/ф
02:30 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы

7

06:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:35 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9:00 «ЖИЗНЬ КАК В КИНО»
Документальный фильм
10:15 «QAIMAQ»
11:00 «ШВАБРА 2»
15:45 «КВН».

KKK

18:55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!». Новый сезон
20:00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21:00 Премьера. Юлия Амелькина, Анна Сагайдачная, Александр Попов в многосерийном фильме «СВОДНАЯ»
1:25 «ТРИ АККОРДА»
3:30 «П@УТИНА» бағдарламасы
4:15 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

31

07.05 «ӘН МЕН ӘНШІ»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реали-шоу
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
10.50 «НА КАЧЕЛЯХ СУДЬБЫ», мелодрама
15.00 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ»
18.00 «ОЗАТ ОТБАСЫ», ток-шоу
19.00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ», ән-шоу
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ»
22.00 «ЧУМАЯ», мелодрама.
01.30 «ЧУМА», криминальная драма
02.10 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ»
03.45-04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

7

06:00 Әзіл студия
07:00 Тамаша live
08:00 «31 әзіл»
08:30 «Күліп ALL» (повтор)
09:00 TeleBingo. Прямой эфир
09:25 Готовим с Адель
10:00 Мультсериал «Маша и медведь»
10:30 КИНО. Нуртас Адамбай в комедии «Келинка Сабина» (повтор)
13:00 КИНО. Чарли Кокс в фэнтези «Звездная пыль» (повтор)
16:00 КИНО. Колин Фаррелл в фэнтези «Дамбо» (повтор)
18:30 КИНО. Роберт Дауни мл. в фантастическом боевике «Железный человек 3» (повтор)
21:20 КИНО. Джейк Джилленхол в фантастическом триллере «Послезавтра»
00:00 «Алдараспан»
02:00 Тамаша live
03:00 Әзіл студия
03:30 What's up?
04:00 1001 Әзіл
04:30 Ризамын
05:00 «31 әзіл»
05:30 What's up?

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:30 Шаншар
08:30 Т/п «Жұлдыздың жары»
09:00 Т/п «Измайлов



ҚАЗАҚ ҚҰРЫЛТАЙЫ ҚАШАН ШАҚЫРЫЛАДЫ?

Парағын қаңтар оқиғасындағы тұтас Республиканы дүр сілкіндірген оқиғамен ашып, оның соңы «Жаңа Қазақстан» идеясына ұласқан 2022 жыл – еліміздің тарихындағы дәуір бөлгіштік сипат алатын айтулы болатыны айтпаса да түсінікті. Оның үстіне бұл жылы әлемге тарыдай шашылған қазақтың басын қосып, дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайын өткізіп, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығын құрғанымызға түп-тура 30 жыл толған.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

1992 жылы қыркүйекте Алматыда Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы ашылды. Осы құрылтайда Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын 5 жылда бір өткізіп тұру белгіленді. Алайда содан бері түрлі себептерге байланысты кейінгі құрылтайлар уағында өткізілген жоқ. Мәселен, әлем қазақтарының басын қосқан 2-кезекті құрылтай 2002 жылы өткізілсе, 3-ші құрылтай 2005 жылы шақырылды. Ал 4-ші, 5-ші құрылтайлар 2011, 2017 жылдары астанамызда өтті. Егер «әуелгі сөз рахым» десек, онда биыл Дүниежүзі қазақтарының 6 құрылтайы өтуі тиіс еді. Алайда тамылжыған жаз өтіп, қоңыр күз келсе де, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы да үнсіз жатыр.

Біздіңше, биыл бұл құрылтай ескерусіз қалмауы тиіс еді. Өйткені бұл жылы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылғанына түп-тура 30 жыл толған. Оның үстіне, біз «Жаңа Қазақстан» құрып, Ұлытауда ұлы жиын өткізген дәл биылғы жылы Дүниежүзі қазақтарының 6 құрылтайын өткізудің мәні айрықша. Өйткені әлемдегі бар қазақтың жалғыз отаны бар. Ол – Қазақстан. Сосын да Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан» құру идеясы аясындағы реформасына төңіректің төрт бұрышындағы қандастарымыз көз тігіп отыр. Ендеше дәл осындай тарихи сәтті пайдаланып, әлем қазақтарының кезекті құрылтайын өткізсек, салтқа да, санаға да сыйып тұр.

Екінші тұрғыдан алғанда, еліміз тәуелсіздік алғалы 1,5 миллион қандасымыз атажұртқа оралды. Олармен бірге шетелден қазақтың тілі келді, салт-дәстүрі келді, ұмтылып бара жатқан, көз жазып қалуға айналған талай құндылығымыз келді. Ең бастысы «елге ел қосылса құт» дегендей, санымыз өсті, қазақы санамыз нығайды. Сонау 91-жылы басталған сол ұлы көш күні бүгінге дейін бұйдасын іріккен жоқ, әлі келіп жатыр, болашақта да келе бермек. Өйткені әлемнің 40-тан астам елінде әлі де 5 миллионнан артық қандасымыз өмір сүріп жатыр. Бұл аз сан емес, көршіміз Қырғыз елінің халық санымен қарайлас көрсеткіш. Егер сол қандастарымыз түгел атажұртқа

оралса, біздің елдің халық саны 25 миллионнан асып, елдегі демография мәселесі оң шешімін тауып, «бос жатқан жерімізге» әркім сұғын қадамас еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та «Шетелдегі қандастарымызды Атамекенге қайтару ісі ешқашан назардан тыс қалған емес, қалмайды да. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің парызымыз» деп қадап тұрып айтқанын ескерсек, қандастар мәселесі қандағанда өзекті тақырып. Бірақ бізше болғанда бұл мәселе соңғы кезде ауызда айтылғанмен, нақты істер атқарылмай жатқандай сезіледі. Ұлттың ұлы істерін талқылаған Ұлытаудағы құрылтайда қандастар мәселесінің ескерілмеуі, шетелден келген бір жарым миллион адамынан бір адамын мінбеге шақырылмауы әне соның дәлелі.

Республикадан тысқары, шетелдерде жүрген қазақ диаспорасымен жан-жақты байланыс орнату, мәдени және білім беру мәселелері жөнінен жәрдемдесу, сондай-ақ, тарихи отанына көшіп келген ағайындарға әлеуметтік қамқорлық жасап, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру мақсатында құрылған, Республикалық мәртебесі бар халықаралық үкіметтік емес ұйым – Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының құрылғанына биыл 30 жыл толғанын жоғарыда айттық. Дәлірек айтсақ, 1992 жылы Алматы қаласында ашылған тұңғыш құрылтайда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылып, оның төрағасы болып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, төрағаның 1-орынбасарлығына — жазушы Қалдарбек Найманбаев сайланды. Содан бергі 30 жылда марқұм Қалдарбек Найманбаевтан кейін бұл ұйымды Т.Мамашев басқарса, 2017 жылы ашылған 5 құрылтайда ұйым тізгіні Зауытбек Тұрысбековтің қолына өтті. Осы құрылтайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Отандастар» қорын құруды тапсырып, осы қор арқылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығына шетелдегі ағайынмен байланыс жасауды міндеттеген болатын. Сонымен шетелдегі этникалық қазақтар мен қандастарға көмек көрсету үшін құрылған «Отандастар

қоры» КЕАҚ (коммерциялық емес акционерлік қоғамы) 2018 жылы өз жұмысын бастады. Бұл қордың да бір міндеті Дүниежүзі қазақтары қауымдастығымен тығыз байланыс жасай отырып, қатысты жұмыстарды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету еді. Алайда өткен 5 жылда бұл қор мен қауымдастық қоян-қолтық жұмыс істей алған жоқ. Керек десеңіз, қауымдастықтың бар-жоғы білінбей кетті. Тіпті құрылғанына 30 жыл болған биылғы айтулы сәтте де қауымдастық жағынан үлкен дайындық байқалмайды. Өздері түшкіріп, өздері «бер тәңір» деп, жұртқа жария қылмай жатса кім білсін, жұрт іскер, мықты азамат деп үлкен үміт күткен Зауытбек Тұрысбеков те тым-тырыс. Тіпті осындай бір ұйым бар екенін мемлекет те ұмытып кеткен секілді. Әйтпесе бұрынғы президенттің қолынан барлық билікті бір-бірілеп алып жатқанда, әлемдегі күллі қазақтың басын қосатын қауымдастық қаперден қалыс қалмас еді. «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағалығын да қазіргі президент Тоқаевқа тапсырдым» деп не Елбасы айтқан жоқ, не қазіргі Президент те тіс жармаған қалпы, ескерусіз қалды.

Қысқасы, Жаңа Қазақстан құру ісінде қандастар мәселесі қаперден қағыс қалмауы тиіс. Өйткені, Жаңа Қазақстанды құруға шетелдегі қандастар да өз үлесін қосады десек, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мен «Отандастар» қоры сол ағайындардың елге оралуына, түрлі жолдармен Қазақстанға қаржы салуына мүмкіндік жасайтын маңызды ұйымдар саналады. Осы тұрғыдан алғанда билік «аты бар, заты жоқ» ұйымға айналып кетпес үшін, қауымдастыққа да қарайласып, көз қырын сала жүргені дұрыс. Басшыларына қандастар мәселесіне қатысты нақты тапсырмалар беріп, атқарған жұмыстарын қадағалап отырса, атажұртқа ат басын бұрған көш те қайта жанданып, қандастарға қатысты күні бүгінге дейін қордаланып қалған мәселелер де үйлесімді шешімін табар еді. Әсіресе, әлем қазақтарының 6 құрылтайын биыл шақырып, оны Ұлытаудағы ұлттық құрылтаймен үндестіріп, Жаңа Қазақстан ұғымымен ұштастырып жіберсе, нұр үстіне нұр болғалы тұр. Өйткені қаралы қаңтар оқиғасынан кейін шетелдегі қазақтың да жүрегі шайлығып, үмітінен күдігі күшейді. Сеніміне селкеу түсті. «Шетелдегі қандастарымызды Атамекенге қайтару ісі ешқашан назардан тыс қалған емес, қалмайды да. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің парызымыз» деп айтқанымыз рас болса, бұл да ескеретін мәселе!

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН

КӨП АҚЫННЫҢ БІРІ ЕМЕС

Көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Ғалым Жайлыбай осыдан бірнеше жыл бұрын «РУХ» меценаттар клубы тағайындаған «Абай» сыйлығын иеленді. Биылғы Абай атындағы әдебиет және өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлық бәйгесіне «Ай таңбалы арғымақ» атты жаңа жыр жинағын қосып отыр. Ақынның өлеңдері мен аудармалары, поэмалары топтастырылған бұл кітап «Кәусар» баспасынан жарық көрді. Көлемі төрт жүз бетке жуықтайтын жинақ – автордың таңдамалысы іспеттес.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

«Ақындық рухтың күштілігі – автордың бойындағы биік қасиет. Ол талантпен, заман сабағымен, біліммен толысады. Осыны түсіну арқылы біз ақын құпиясына кіреміз, оның жазғандарын жанымызбен қабылдап, табиғатын тануға бір табан жақындаймыз. Ғалым ақын бойында осындай ұлы ақындарда болатын қасиет бар» деген пікір білдірген еді академик Серік Қирабаев Ғалым Жайлыбайдың шығармашылығы жөнінде.

Қазақ атқа мінгенде әруақтанып кетеді. Жылқышының баласы болып, өзі де бала кезінде жабағыға, тайға мініп, жасында жылқы баққан ақынның бойындағы күшті рухтың дәні сол уақытта себілді деп пайымдаймыз. Жалпы Ғалым Жайлыбайдың стихиясының бірі жылқы тәрізді. Оған ілгеріде жарық көрген «Ардақұрен» және осы «Ай таңбалы арғымақ» атты кітаптары дәлел. Әдеби бәйгеге түсіп жатқан бұл жинақтағы кейбір өлеңдердің атаулары да содан хабар беретіндей. Кітапқа атау берген өлеңнен басқа «Тоғызыншы ақпан. Қысырақтың үйірі», «Құлагердің көз жасы», «Арғымақтар», «Қаз мойынды ер салып», «Жетім құлын», «Жылқышының баласы», «Жалынан сылап», «Ей, енесі өлген құлын күн...», «Кербестің кекілі» деген өлеңдерде ақынның табиғаты жағыр.

...Жылап аққан жылытырап жылға басы,
Айыл жиып, айкөзбе түнде адасып...

Ай таңбалы арғымақ,
айналайын,
Далаға ынтық, екеуміз
қырға ғашық...

Немесе:
...Жаздар қалды соңымда,
күздер қалды,
Тай тұяғы жаншыған іздер
қалды.

Жылқышының баласы –
жылқы мінез –
Тұнықтың да тұнығын іздер
мәңгі... – деген шумақтардан ақынның нені армандайтыны мен нені аңсайтынын аңғарамыз.

Сол тұнықтың тұнығы – өлеңдері. Бұл тұрғыдан ақын іздегенін тапты. Тауды көрмеген қыр баласы Жезқазғаннан ақындық арманды арқалап, Алматыға аттанғанда алдынан Тұманбай Молдағалиев сияқты ақындар шығып, шабытына шабыт қосты.

...Тұма көзін бағыттап
тұнығына,
Тұмағандар қондырған
тұғырыма.
Тауды көрдім... Тау көру
арман еді
Тау көрмеген ғұмыры
қыр ұлына.
Тау көрдім де, таудай боп
түлеп өстім,
Бар ғұмырым ішінде жүр
елестің,
Ұлы бола алдым ба,
алмадым ба –
Көп ақынның, білерім, бірі
емеспін... – дейді өз бағасын білетін ақын.

Рас, Ғалым Жайлыбай – ақындардың бірегейі. Тағы да Серік Қирабаевтың пікіріне жүгінейік. «Ғылымның ақындық өнердегі жаңашылдығы – тілінде, оның



түту күні болып жарияланды. Ақын да елмен бірге қайғырып, «Аза күйі» өлеңін арнады. Осындай біртұтас елдің қайғысы мен мұңын «Сарыарқа. «Протон» құлаған жыл», «Қайран Арыс» өлеңдерінде де жырлады. Семей полигонының қасіретін «Суретші Кәріпбек Күйіковтің «Жарылыс» картинасы» өлеңімен берді.

...Бақайыңда – қылқаламың,
шабыт кеп,
Балқантауға ара-тұра
барып кеп.
...Сонау жылғы жарылысқа
қойылған
Тірі ескерткіш өзің бе едің,
Кәріпбек?!
Дүрліктіріп қалың елді
қырдағы,
Бұл Кәріпбек туа сала
жырлады.
...Қолсыз болып келді жарық
дүниеге –

Жолсыз, жөнсіз саясаттың
құрбаны... – дейді ақын.

«Ай таңбалы арғымақ» кітабы үш бөлімге бөлінген. «Менің аппақ құстарым» бөлімінде ақынның өлеңдері, «Жылы жел» атты тарауында аудармалары, ал «Сұрақ белгісі» атты бөлімінде поэмалары топтастырылған. Ғалым Жайлыбай Александр Пушкин, Роберт Стивенсон, Гийом Апполинер секілді классиктерден бастап Наталья Харлампьева, Сергей Мнацаканян, Маквала Гонашвили, Керим Отаров сынды ақындардың жырларын қазақшалады. Соның ішінде ақын ақын Наталья Харлампьеваның «Түбім – түмен түркіден» және Сергей Мнацаканяның «Дала жыры» атты өлеңдерінен бір жақындық тауып, тәржімалады деп пайымдаймыз.

Бір айта кетерлік, Ғалым Жайлыбайдың да өлеңдері әлемнің бірнеше тіліне аударылды. Соның ішінде биыл ҚарЛагтың қаралы тарихынан сыр шертетін бір ғана «Қара орамал» поэмасы 16 тілге, «Сұлубайдың әні» кітабы төрт тілге тәржімаланды.

«Ақын Ғалым Жайлыбайдың поэмалары – бір-біріне жалғасқан тұтас дүние. XIX-XX ғасырлардағы қазақ жұртының толыққанды шежіресін, тарихын, осы шығармалардан оқи аламыз. Ізденіске бай, талантты дүниелер» дейді әдебиеттанушы Ғалым Мемектас Мырзахметұлы. «Ай таңбалы арғымақ» кітабына соның үшеуі «Сұрақ белгісі», жоғарыда аталған «Сұлубайдың әні» және «Тамакөшкен» дастандары енген.

Атауы айтып тұрғандай, «Сұрақ белгісі» аталатын поэмада ақын Тәурат, Інжіл мен Құранның тартып, адамзатты толғандыратын мәңгілік сауалдарға жауап іздейді. «Ғалымның «Сұрақ белгісі» – салмағы сан ғасырға жүк боларлық дүние» дейді бұл шығармасы жайында жазушы Смағұл Елубай.

Көрнекті жазушы Қабдеш Жұмаділовті сүйсінткен «Сұлубайдың әні» поэмасында Оспан батыр көтерілісі, оның төңірегі туралы айтылады. Ал «Тамакөшкен» ақын кәмпескелеу, ашаршылық сияқты бір рудың ғана емес, қазақтың қасіретін жырлаған.

Ғалым Жайлыбайдың кезінде меценаттар тағайындаған «Абай» сыйлығын алуы бекер емес деп ойлаймыз. Осыған дейін Мемлекеттік сыйлыққа да бірнеше рет ұсынылып, жолы болмады. Бұл жолғы бәйгеде ақ жол болсын!



бейнелілік сипатында, суреткерлігінде... Ғалым өлеңдері – бүгінгі қазақ лирикасының жаңа беттері. Бізге керек өлең осы – бүгінгі өлең» дейді академик. Ақынның жырлары оқырманды осы тілінің шұрайлылығымен тартады. Өлеңдері сөзбен салынған сұлу сурет сияқты әсер береді.

Мәселен:
Көңілімнің қаз ұшты
түстігінен,
Күй күмбірін естідім
құс тілінен.

Қанатына сол қаздың
жарық байлап
Жұлдыздар да төменге түсті,
білем... – деген шумақтан қиялында аспан әлемі туа қалады. Осындай түрлі қиялға жетелейтін өлеңдер, тұтас шумақтар ақынға өте көп.

Ақындар елдің мұңын жырламайды, халықтың жыртысын жырtpайды, өлеңдерінде ұлтқа жанашырлық жоқ деген пікірлерді естіп жатамыз. Бұл сөздің Ғалым Жайлыбайға қатысы жоқ деп ойлаймыз. Ол жұртпен бірге жақсылыққа сүйініп, жамандыққа күйінеді. Соны өлең тілімен бейнелі жеткізеді. Бір мысал – елге індет келгенде ақын үнсіз қала алмады. «Коронавирус келген күн», «Осы індеттен», «Вакцина» атты өлеңдері сол уақытта жазылды.

Бір қиырда – үміт,
бір қиырда – арман,
Мұнартқан күнім мұңға
үйір болған.

Жабығып кеттім, жалығып
кеттім
Онлайн-өмір,
ЗУМ-жылындардан...
Басқаға да арман, қасқаға
да арман,

Мазамды алды
масқара-жалған.
Күзінді көрмей
сарғайды жаным –
Жүзінді көрмей маска орап
алған... Осындай күйді басымыздан көбіміздің кешкеніміз рас.

Сан жақыным жоқ болды
осы індеттен,
Бауыр кеткен, ауаулы досым
кеткен,
Есеңгіреп елсізде есім
кеткен,
Есім кеткен...Көңілден
хошым кеткен.

Осы індеттен... Ақынға талай адам қосылады деп ойлаймыз. 2019 жылдың желтоқсан айының соңғы күндері Алматыда ұшақ апаты болды. Век Air әуе компаниясының «Алматы – Нұр-Сұлтан» бағытындағы Fokker 100 ұшағы құлады. Соған байланысты 28 желтоқсан Аза

Елордада ашылған жаңа мешіт әлемдегі үлкенді-кішілі ұзын-саны 4 000 000 жақындаған мешіттердің көркі келіскен күмбезді мешіттердің бірі деуге болады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен үш жылдың ішінде салынды. Мешіт 10 гектар алқапты алып жатыр. Ғимараттың жалпы көлемі – 68 062 шаршы метр. Үлкен күмбездің биіктігі – 83,2 метр, диаметрі – 62 метр. Мешіттің төрт мұнарасы бар. Оның биіктігі – 130 метр. Сол қанатындағы мұнара «Туристік мұнара» деп аталады. Келген қонақтар лифт арқылы немесе жаяу көтеріліп, елорданы биіктен тамашалай алады. Ішіне 35 мың адам сыятын мешіттің жалпы сыйымдылығы ішкі-сыртқы бөліктерін қамтығанда 235 000 адамды құрайды.



КӨГІЛДІР КҮМБЕЗДІ МЕШІТТЕР



Айгүл
УАИС

Жалпы адамзат тарихында алғашқы мешіт хижрамен есептегенде 638 жылы салынған. Бұл дүниежүзінің барша мұсылмандарының қасиетті мекені, Қағба орналасқан әл-Харам мешіті 400 мың шаршы метрді алып жатыр. Екі миллиондай мұсылман бір мезетте қатар тұрып сәждеге жығыла алады.

Мұсылмандар үшін екінші қасиетті жер – Пайғамбарымыздың көзі тірісінде салынған Медина қаласындағы Пайғамбар мешіті. (Масжид ан-Нәби). Көлемі 400-500 шаршы метрді алып жатқан мешітке қажылық кезінде бір миллионнан астам адам жиналады.

Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған бұл мешіттер Исламның қалыптасуының алғашқы жылдарында – Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) Мәдинадан Меккеге қоныс аударған хижрадан кейін 150 жылдан кейін салынған. Соның бірі Әл-Ақса мешіті, хижрадан кейін бір жылдан соң Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) сахабаларымен Меккеден қоныс аударғаннан кейін салған ең алғашқы мешіт әл-Куба Медина қаласында орналасқан. Мұсылман тарихына қатысты көне мешіттер Сирияда, Тунис, Иран мен Иракта бар.

Қытайдың Сян провинциясындағы Ұлы мешітінің іргетасы хижраның 742 жылы қалаған. Ғасырлар бойы қайта қалпына келтіріліп, қайта жөндеуден өткен көне Сян мешіті дәстүрлі қытайлық және исламдық стильдердің үйлесімін біріктіреді. Мешіт сол жердің негізгі мұсылмандары – дүнгендердің

рухани орталығы болып табылады.

Әзірбайжан Республикасындағы хижраның 743 жылы Әбу Муслим салған мешіттің салынған жылын 1902 жылы жөндеу жұмыстары кезінде анықталды.

Көне мешіттер мен кесенелердің басым бөлігі Өзбекстанның Бұқара, Самарқанд, Хиуа қалаларында екені жақсы белгілі. Қазіргі күнде екі мыңнан астам мешіт бар өзбектер көрген Әмір Темір салдырған мешіттер мен кесенелерді туристік нысандарға айналдырып отыр.

Айта кету керек, өткен ғасырларда тәуелсіздік алғаннан кейін мұсылман елдерінде көптеп мешіттер салынды. Сондай Джаркартадағы тәуелсіздік мешіті Индонезия Нидерландтан егемендігін алғаннан кейін бой көтерді. 1961 жылы 24 тамызда алғашқы кірпіші қаланған Ұлттық мешіттің құрылысы 1978 жылы ақпан айында аяқталып, жібек белдеуін елдің президенті Сухарто кесті. Бұл сол аймақтағы ең үлкен мешіттердің қатарына жатады. Сыйымдылығы – 120 000 адам.

Әлемдегі мешіттерді сәулетіне, құрылыс материалдары мен тарихи тұлғалардың қатысымен де тіпті жұмсалған қаржының да есебімен бірнеше санатқа бөліп қарауға болады. Мысалы, Мароккодағы Хасан Екінші мешітінің ерекшелігі сол оның бір бөлігі Атлант теңізінің үстінде екінші бөлігі құрылықта орналасқан. Бұл мешіт бертіңде 1986-1989 жылдары салынды, мұнарасының ұзындығы – 210 метр. Жүз мыңнан астам адам сыяды.

Исламабадтағы Фейсал мешіті де әлемдегі ең үлкен мешіттердің бірі саналады. Мұнда бір мезетте 300 мың адам намаз оқи алады.



Құрылыс 1975 жылы басталып, 1986 жылы аяқталды.

Абу-Дабі аралында орналасқан мешіт Біріккен Араб Әмірліктерінің негізін қалаушы Зайд бен Сұлтан әл-Нахаянның есімімен аталады. Оның құрылысы 2007 жылы аяқталып, мешіт бірден Таяу Шығыс елінің басты көрікті жерлерінің біріне айналды. Абу-Дабідегі мешіттің ерекшелігі сол дәстүрлі формалар мен заманауи технологияларды үйлестірудің тамаша үлгісіне айналды, бірақ ол ислам сәулетінің дәстүрлік стильді дамудан тыс «заманауи мешіт» болды.

Жиырма бірінші ғасыр Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарына рухани серпіліс әкелді деуге болады. Бұл жерлерде көптеп мешіттер салдырып, сәулеті мен сыйымдылығы, көлемі жағына бірінен бірі асып түсіп жатты. Сондай керемет мешіт – Түркімен басы рухы мешіті Ашхабад қаласынан он шақырым жердегі көсемнің кіндік қаны тамған Қыпшақ ауылында салынды. 2004 жылы ашылған мешіт 36 гектар жерді алып жатыр. Бір мезгілде 10 000 адам мінәжат ете алады.



Мұнарасын ел тәуелсіздігін алған 1991 жылды меңзейтін 91 метр етіп салады.

2019 жылы салынған ел тәуелсіздігінің белгісіндей Тәжікстанның астанасы Душанбенің солтүстік шетінде орналасқан Жұма мешітіне 120 мың адамды сыйдыра алады. Жобаның құны 100 миллион АҚШ долларын құраған, оның 70 пайызы Катар, 30 пайызы Тәжікстан бюджетінен шыққан.

Қырғызстан астанасы Бішкекте орналасқан имам ас-Сарахи мешіті Орталық Азиядағы ең үлкен ғибадат орындарының бірі. Қаланың қақ ортасында орналасқан мешіт төрт мұнарасымен түрік сәулет өнерінің эстетикасын көрсетеді. Орта

Азиялық мешіттерге ұқсайтын Анкарадағы Қожатеппе мешітіне ұқсас салынған мешітке ашық алаңдарды қосқанда, 20 мың адам бір уақытта намаз оқи алады.

1991 жылдары салынған мешіттердің бірі Ресейдің Махачкаласында Жұма мешіті немесе Юсуф Бей мешіті деп аталады. Мешіт негізіне Ыстанбұлдағы Көгілдір мешіттің қалыбы алынған. 1997 жылы пайдалануға берілген мешітке 2004-2007 жылдары телемарфон арқылы түскен қаражатпен қайта жөндеу жүргізіліп, 15 мың жамағатқа арнап қайта жасалды.

Классикалық Османлы мәнерінде Ыстанбұлдағы Көгілдір мешіттің нобай-

ҮЗДІК МАМАН ҚЫЗМЕТ САПАСЫН АРТТЫРАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының жастарды қолдау орталығының ұйытқы болуымен «Үздік» жобасы аясында автокөліктің дөңгелегін бөлшектеу және монтаждау бойынша сайыс өтті.



Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

Ғ. Мұстафин көшесі №48 нысанындағы көлік жөндеу алаңында өткен іс-шараға 6 команда қатысып, көліктің дөңгелегін шешу және салу, сондай-ақ тепе-теңдігін теңестіру бойынша жарысты.

Үздіктерді анықтайтын сайысты ашқан Жастар ресурстық орталығының жетекші Шыңғыс Тілеулин:

– НЕЕТ санатындағы жастарды қолдау жобасы «Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ қолдауымен іске асуда. Жоба аясында жеке және кәсіби қасиеттерді дамыту бойынша оқыту семинар-тренингтері, шеберлік сыныптары өткізілуде. Компьютерлік сауаттылық негізі, бағдарламалау курсы, SMM, копирайтинг, Social Media Marketing-менеджер, заманауи қоғам көшбасшысы және т.б. қысқа мерзімді оқыту бағдарламасын ұйымдастырып келеміз. Маусым айында басталған «Үздік» жоба аясында сантехник, ағаш ұстазы, аспазшы және т.б. бойынша үздіктерді анықтап, жастарды техникалық мамандықтарға қызығушылығын арттыруға мән берудеміз, – деді.

Нұр-Сұлтан қаласында 223 мың жастар болса, соның 7 пайызы – НЕЕТ санатындағы жастар. Сондай жастарды әлеуметтендіру және ынталандыру мақсатында мамандықтардың маңызын түсіндіріп, кәсіп түрлерін меңгеруге жағдай жасау маңызды міндет саналады.

Іс-шараның өтуіне

демушілік көрсеткен «Алем Авто Trade» ЖШС әкімшісі Тимур Сәрсенбайұлының сөзінше, белгілі кәсіп түрін меңгерген жастардың тәжірибесін шындауда түрлі деңгейдегі сайыстарды өткізу маңызды. Осы себепті жас дөңгелек жөндеушілердің сайысына өткізуді қаржылай қолдапты.

Елде жеңіл көліктің саны артып, оларға сапалы қызмет көрсететін сервистік орталықтарға сұраныс артты. Содан болар, бас шаһарда автокөлікті жөндейтін ТЖО мен дөңгелектерді бөлшектеу және монтаждайтын орталықты көптеп табуға болады. Демек жастарға автокөлікті жөндейтін орталықтарда жұмыс істеп, табысын арттыруға әбден болады.

Сайысқа қатысушылардың жұмысын бағалаған Серік Кепебаев:

– Нұр-Сұлтан қаласында 500-ге жуық көлік дөңгелегін жөндейтін орталық бар. Соның ішінде 6 команда қатысуға бел байлады. Біз қатысушылардың көліктен дөңгелекті шешу мен салу, сондай-ақ тепе-теңдігін теңестірудегі жылдам жұмысына және сапасына көңіл бөліп, «Үздік» жобасының жеңімпазын анықтаймыз. Үздік маман сервистік қызмет сапасын арттырады, – деп түсіндірді.

Қатысушылар арасында 19-29 жас аралығындағы жастар болды. Соның бірі – «Protector» командасының мүшесі Максим Табашинко. Ол дөңгелек жөндеу саласында 7 жылдан бері еңбек ететінін, алайда жарысқа бірінші рет қатысып тұрғандықтан қобалжуды екенін айтты.

«Ломбард Нұр Алтыны Астана» ЖШС сатып алынбаған мүлікке (зергерлік бұйымдарға) аукцион жариялайды. Аукцион ағылшын әдісі бойынша 2022 жылдың 8, 9 қыркүйегінде сағат 10.00-де өтеді, мекенжайы: Ш.Айтматов көш., 36 н.п.84 тел. 8 7172 333 273

Нұр-Сұлтан қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясы «Астана-Сомониен» тәжік мәдени орталығының мүшелеріне, туған-туыстарына бұрынғы басшысы

Идибек Авғанович Каримовтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЖАСТАР ЖЕТЕКШІСІНІҢ СЫЙЛЫҒЫН ИЕЛЕНДІ

Елорданың Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының классикалық вокал бөлімінің солисті, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Алтынбек Әбілда Ғани Мұратбаев атындағы республикалық жастар сыйлығының иегері атанды. Сыр өңірінде өткен марапаттау рәсімі Халықаралық жастар күні мен Ғани Мұратбаевтың туғанына 120 жыл толуына арналды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Алтынбек Әбілда – Қазақ ұлттық өнер университетінің түлегі. Университетті үздік бітіргеннен кейін магистратураға түсіп, өнертану ғылымдарының магистрі атанды.

Бұған дейін жоғары оқу орындары студенттерінің арасында өткен «Үздік студент – 2018» республикалық байқауында жеңіске жетіп, арнайы медальмен марапатталды. Тұңғыш Президент – Елбасы қорының стипендиясын иеленді. Көп

теген республикалық және халықаралық байқауларда топ жарды. Соның ішінде Е. Рахмадиев атындағы I халықаралық вокалистер конкурсында бас жүлдені, Халық әртісі Н.Тілендиев атындағы I республикалық вокалистер байқауының бас жүлдесін, Халық әртісі Н.Тілендиев атындағы халықаралық вокалистер байқауының II орын лауреаты атанды.

Елордалық филармонияның қазақ және симфониялық оркестрлерімен бірге Қазақстанның қалаларын, Түркияның Стамбул, Анка-

ра, Бурса, Каппадокия, Ресейдің Санкт-Петербург, Екатеринбург, Челябинск, Уфа шаһарларын Словакия астанасы Братиславаны, Венгрияның бас қаласы Будапешт пен Шопрон қаласын, Австрияның елордасы Венаны аралап, сол елдердің сахналарында өнер көрсетті.

Қазір Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясымен қатар «Астана Опера» театрының да солисті. Мұнда ол Дж.Пуччинидің «Мадам Батерфляй» операсында Шарплестің партиясын орындады.

АТА ЗАҢ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЙДЫ



26 тамыз күні Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының шығармашылық тобы «Қазақстан» орталық концерт залында астаналықтар мен елорда қонақтарына Конституция күніне арналған «Тәуелсіздік тұмарысың – Ата Заң» концертін ұсынады.

Бұл кеште көрермендер ұлтымыздың әуеленген әсем әндері, күмбірлеген күй мен жыр жауһарларымен ғана емес, Еуропаның классикалық музыкасымен сусындайды. Сахнада қазақтың мемлекеттік симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен Азамат Жылтыркөзов, Салта-

нат Ахметова, Медет Шотабаев, Әйгерім Алтынбек, Ерлан Рысқали, Асқар Мұқият, Перизат Тұрарова, Әлібек Әлмәдиев сынды әншілер өнер көрсетеді. Бұған қоса, өнерсүйер қауым домбыра аспабында шебер ойнайтын күйші Нүркен Якияевтың өнерін тамашалай алады.

АШАРШЫЛЫҚ ҚАСІРЕТІН БАЯНДАЙДЫ

Ұлт тарихындағы ашаршылық тақырыбы толық зерттеліп, шынайы бағасы берілді дей алмаймыз. Әлі күнге дейін зерттеушілердің қанша адам аштықтан өлгені туралы дерегі мен дәйегі біріздене қойған жоқ.

«Қазақфильм» киностудиясында ашаршылық туралы «Өліара» атты толықметражды көркем фильмі түсірілді. Бұл осы олқылықтың орнын толтыруға өз септігін тигізетіні анық.

2021 жылғы 28 қазан мен 7 желтоқсан аралығында «Өліара» көркем фильмінің түсірілімі Алматы облысында өтті. 2022 жылы шілде айында кинокартинаның монтаждау-әрлеу кезеңі басталды.

Фильмнің сценарий авторы – Нұрлан Санжар, қоюшы режиссері, Венгрия Республикасының тумасы – Тамаш Тот. Фильмнің желісі ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы ашаршылық қасіретін баяндайды. – Картинаның сюжеті бо-



йынша Иштван Мадьяр «саяси кінәсін» өтеу үшін қазақ жеріне жіберіледі. Ол Қарабайдың жедел отрядына түсіп, кулак малын жедел іздеумен және тәркілеумен айналысады.

Сол кезде өз көзімен ашаршылық пен жауынгерлердің қатыгездігін көріп, төңкеріс туралы көзқарасын өзгертеді. Иштван жергілікті тұрғындарға жақтасып, солармен бірге қызыл озбырлықпен күресуге тырысады. Бас кейіпкер аман қалып, қазақ халқының ұлы қасіреті туралы шындықты жеткізуге бар күшін салады, – деді фильмнің атқарушы продюсері Жансерік Шонаулы.

Фильмге екі елдің танымал актерлері қатысқан. Басты рөлдерде Мажар елінің театр және кино актері Питер Барна, белгілі қазақстандық актерлер Алдабек Шалбаев, Ержан Нұрымбет және басқалары ойнайды.

Картинаның үлкен экрандарға шығуы 2023 жылғы жоспарланып отыр.

Баян АСЫЛБЕКОВА

СПОРТ

Теннистен өтетін мәртебелі төрт турнирдің соңғысы – US OPEN жарысына іріктеу ойындары басталды. Қазақстан атынан сынға түсетін Елена Рыбакина жарысты турнирдің негізгі бөлігінен бастайтын болғандықтан, қазір Нью-Йоркта қызу дайындық жүргізуде.

РЫБАКИНА – US OPEN ТУРНИРИНДЕ



Ерлер және әйелдер арасында 128 үздік ойыншыдан қатысатын турнирдің жеңімпазына берілетін жүлделік қор – 2 000 000 \$ болып бекітілген. Турнир 29 тамыз-12 қыркүйек аралығында өтеді. Халықаралық теннис федерациясының жаңа рейтинг бойынша қазақстандық

Елена Рыбакина алдыңғы ондықтың қатарынан орын алды.

Жақында ғана «Үлкен дулыға» санатына кіретін Уимблдон турнирінде топ жарған Елена Рыбакина US OPEN (АҚШ-тың ашық чемпионаты) турнирінде де фаворит саналып отыр.

ГУБЕРНАТОР КУБОГЫНА ТАЛАСАДЫ

КХЛ чемпионатына дайындық жүргізіп жатқан астаналық «Барыс» хоккей командасы кеше «Челябинск облысы губернаторының Кубогы» турнирінде бірінші ойынын өткізді.



«Автомобилист» (Екатеринбург) командасымен өткен ойында астаналықтар 2:1 есебімен жеңіске жетті. Осы турнирге қатысатын «Металлург» (Магнитогорск) пен алаң иелері – «Трактор» командасы арасындағы матч кеше аяқталды. «Барыс» келесі ойынды 25 тамызда «Трактормен» шеберлік байқасса, 27 тамызда «Металлург» хоккейшілерімен кездеседі.

Ал, КХЛ чемпионаты 1 қыркүйекте басталады. «Барыс» жаңа маусымдағы алғашқы ойынын Нұр-Сұлтан қаласында 3 қыркүйекте өткізеді. Қарсыласы – «Динамо» (Минск).

СЕГІЗ ҮЗДІК АНЫҚТАЛДЫ

Футболдан Қазақстан Республикасы кубогының топтық турнирі мәреге жетіп, үздік шыққан сегіз команданың арасында жеребе тартылды.

Плей-офф кезеңіне шыққан командалар арасында тартылған жеребе бойынша төмендегідей жұптар анықталды: «Тараз» – «Шахтер» (Қарағанды); «Қайрат» (Алматы) – «Ақжайық» (Орал); «Қайсар» (Қызылорда) – «Ордабасы» (Шымкент), «Астана» (Нұр-Сұлтан) – «Мақтаарал» (Түркістан). Ойындар 31 тамызда өтеді.



Ғалым ҚОЖАБЕКОВ